



Ата-бабамыз Рамазанды «он екі айдың сұлтаны» деп ардақтаған. Салт-дәстүрімізбен сабақтас асыл дініміз ғасырлар бойы Ұлы далада елдің бірлігін және қоғамның тыныштығын сақтау жолында маңызды рөл атқарып келеді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ»



АЛМАТЫЛЫҚТАР ӨЗДЕРІ БАСҚАРАДЫ


ТАНЫСТЫРЫЛЫМ



ДИМАШ ӨНЕР КӨРСЕТТІ

«Қазақ халқына, Димашқа жасаған құрметім» дейді швейцариялық көрермен

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ҚАРАӨЗЕК» ШАҚ ҚАРАСЫН КӨРСЕТТІ

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

25.03.2023

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

26.03.2023

Түнде:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №39 (6332) 25 наурыз, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

РАМАЗАН-2023

ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАҒАН ЖАН!

Асыл дініміз елдің бірлігін, қоғамның тыныштығын сақтауда маңызды рөл атқарады



Бұл – күллі мұсылман қауымы үшін мән-маңызы айрықша мезгіл. Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайтын осы айда төзімділік, жанашырлық, имандылық сияқты құндылықтар кеңінен дәріптеледі.

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Рамазан айының басталуымен құттықтады.

«Ардақты ағайын! Сіздерді қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – күллі мұсылман қауымы үшін мән-маңызы айрықша мезгіл. Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайтын осы айда төзімділік, жанашырлық, имандылық сияқты құндылықтар кеңінен дәріптеледі.

Ата-бабамыз Рамазанды «он екі айдың сұлтаны» деп ардақтаған. Ораза ұстаған жамағатқа ауызашар беріп, бір-біріне ерекше құрмет

көрсеткен. Салт-дәстүрімізбен сабақтас асыл дініміз ғасырлар бойы Ұлы далада елдің бірлігін және қоғамның тыныштығын сақтау жолында маңызды рөл атқарып келеді. Мейірімділік айында халқымыз игі істерін еселеп, сауапқа кенеле берсін! Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін! Ораза қабыл болсын!», – делінген Президенттің құттықтауында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

ӘР КҮН ШАТТЫҚ ПЕН ҚУАНЫШҚА ТОЛДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы оңтүстік астанамыз Алматыда жоғары деңгейде атап өтілді. Қаланың әр ауданында мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Шаһар алаңдарында киіз үйлер тігіліп, мейрамға жиналған қауымға тегін наурыз көже мен ыстық бауырсақтар таратылды.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады.
- Президент Жарлығымен Ерлік Әли Қазақстан Республикасының Румыниядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды.
- Үкіметте жаңа энергия өндіруші қуаттарды іске қосу жоспарлары талқыланды.
- «Болашақ» бағдарламасына өтінім қабылдау басталады.
- Алматыда бірмандатты жүйе бойынша сайланған мәслихат депутаттарының есімдері жарияланды.
- Еңбек министрлігі Қазақстандағы зейнетақының орташа мөлшерін атады.
- Қазақстан өнерпаздары «Театр барысын» анықтайды.

www.almaty-akshamy.kz



12



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Әз-Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Наурыз мейрамына арналған іс-шараларға қатысып, барша қазақстандықты Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

«Ардақты ағайын! Баршаңызды Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әз-Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, береке мен бірліктің бастауы. Жылдың бұл мезгілі – күн мен түн теңеліп, жер жүзі қайта түлейтін шақ. Сондықтан ата-бабамыз ежелден шуақты көктем мерекесіне айрықша мән берген, оны Ұлыстың ұлы күні деп ұлықтаған.

Қоғамдағы татулық пен келісім дәстүрлері ұлтымыздың салт-санасы мен әдет-ғұрпы түгел тоғысқан осы мейрамның сипатына сай келеді. Наурыз бүгінде нағыз халықтық мерекеге айналды.

Бұл күндері мейірімділік, жанашырлық, жасампаздық сияқты қасиеттер ерекше дәріптеледі. Соның арқасында еліміз бірлігін бекемдеп, тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Халқымыз әрдайым Наурыз мейрамын жақсылықтың жаршысына балаған. Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Түбегейлі өзгерістер қастерлі Отанымызды өркендетуге тың серпін береді деп сенемін. Ынтымағы жарасқан жұртымыздың ырысы артып, қолға алған игі бастамаларымыз оңынан болсын, ағайын!

Әз-Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін! Отбасыларыңызға амандық, құт-береке тілеймін! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!», – делінген Президент құттықтауында.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – ЖАҢА ӨМІРДІҢ ЖАРШЫСЫ

Мемлекет басшысы Наурыз мейрамына арналған іс-шараларда сөйлеген сөзінде халқымыз ежелден тойлаған көктем мерекесі, жыл басы – Наурыздың тағлымдық рөліне айрықша маңыз берді.

Президент тұжырымдағандай, бұл – халық асыға күтетін аса ерекше мейрам, қыстың ызғары қайтатын, көктем шуағын төгетін сәт. Табиғат түлеп, тіршілік жаңаратын мезгіл. Еліміз Әз-Наурызды әрдайым ырысты ынтымақтың бастауына балаған. Алыстаған ағайын Ұлыс күні татуласып, қайта қауышқан. Жұрт бір-біріне ақжарма тілектерін айтқан. Көпшілік ортақ дастарханнан дәм татып, қариялар жастарға батасын берген. Бабаларымыз Наурыз тойын жасампаз еңбектің мейрамы санаған. Бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Елге пайдасы тиетін игі істер атқарған. Бір сөзбен айтсақ, Ұлыстың ұлы күні – жаңа өмірдің жаршысы. Ол осыдан бір жыл бұрын тың бастама көтеріп,



елімізді түбегейлі жаңғырту үшін ауқымды реформалар ұсынғанын еске салды.

– Халық бұл бастамаларды қолдады. Біз жоспарымызды бір жылда табысты жүзеге асырдық. Референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгіздік. Билік жүйесін қайта жасақтау үшін маңызды саяси шаралар іске асырылды.

Кеше ғана өткен Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы – бүкіл реформаларымызды алға бастайтын өте маңызды қадам. Бұл сайлау – ауқымды өзгерістердің лайықты жалғасы. Осылайша, мемлекетіміз жаңа саяси дәуірге қадам басты. Жалпы, еліміздің жаңа саяси келбеті қалыптасты. Тарихи сәт Ұлыстың ұлы күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Жаңа Қазақстанның бүгінгі бейнесі Әз-Наурызбен толық үндеседі, яғни Ұлыстың ұлы күнінде қасиетті Отанымыз мүлде жаңа сипатқа ие болды.

Мұны дүние жүзінің көптеген елдері мойындап отыр. Енді саяси жүйесі толық жаңғырған еліміз тың қарқынмен дамиды. Бұл реформалар экономиканың өсуіне, халық табысының артуына жол ашады. Реформаларымыз міндетті түрде жалғасын табады. Біз жан-жақты дамыған қуатты мемлекет боламыз. Бұл – негізгі мақсатымыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы жасампаз халқымыздың келешегі жарқын болатынына сенім білдіретінін айтып, мемлекеттің мүддесі бәрінен биік екеніне назар аударды. Президент ел болашағы өскелең ұрпақтың қолында екенін атап өтіп, отандастарымызды еліміздің дамуына үлес қосуға шақырды.

– «Бірлік түбі – береке» дейді халқымыз. Қоғамда келісім және татулық болса, еліміз көздеген мақсатына жетеді. Біздің мақсатымыз – айқын. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Осы жолда бәріміз бір кісідей жұмылайық, ардақты ағайын!

Биыл қасиетті Рамазан айы Ұлыстың ұлы күнімен қатар келді. Ораза ұстайтын жамағаттың ниеті қабыл болсын! Әр шаңыраққа Қыдыр қонып, бақ дарысын! Жаңа жыл құт-береке әкелсін! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясына қатысты. Акцияның мәні – наурыз айы бойына халықтың әлеуметтік осал топтарына қамқорлық көрсетіп, көпбалалы отбасылардан, мүмкіндігі шектеулі жандардан, зейнеткерлерден келіп түскен хаттарда жазылған өтініш-тілектерді орындау. Астана Жастар ресурстық орталығының еріктілері Мемлекет басшысынан сандықтан алғашқы хатты алып, оқуды сұрады. Қасым-Жомарт Тоқаев хат иесінің тілегі орындалатынын жеткізіп, осынау игі істі бастаған жастарға ризашылығын білдірді.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕТІ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ БІРІ

Мемлекет басшысы «Арғымақ» ат спорты-сауықтыру ке-

шенінде ұйымдастырылған «Жеті Қазына» мәдени-спорт іс шарасына қатысты. Алдымен Президент тазы иттердің көрмесін тамашалады. «Nomad» ұлттық саятшылық қоғамдық қорының төрағасы Болат Құнанбаев тазыны сақтау, өсіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады. Мемлекет басшысы тазыны халықаралық деңгейде дәріптеу қажет екенін айтты.

– Құмай тазы – ерекше жануар, қазақтың жеті қазынасының бірі. Біз тазы мен төбет иттерді халықаралық деңгейде кеңірек дәріптеуіміз керек. Сыртқы істер министрлігі де міндетті түрде атсалысуға тиіс. Тазыға ерекше күтім, қамқорлық қажет. Бұл маңызды іс кәсібилікті талап етеді. Сол үшін арнайы заң қабылдадық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Nomad Stunts тобының өнерін тамашалады. Каскадерлер аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, садақ ату сияқты ұлттық ойын түрлері мен көшпенділердің әскери шеруін көрсетті. Nomad Stunts тобының жетекшісі Жай-

дарбек Күнғожинов Мемлекет басшысына 2020 жылы каскадерлерге берілетін Taurus World Stunt Awards жүлдесін жеңіп алғанын айтты. Президент қазақтың қайсарлығы мен ұлттық спортымызды әлемдік кинематографияда дәріптеп жүрген Nomad Stunts тобына сәттілік тілеп, Жайдарбек Күнғожиновке ер-тоқым сыйлады.

Мемлекет басшысы Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған отандық өнер жұлдыздарының концертін де тамашалады. «Қазақстан» орталық концерт залында белгілі әншілер Роза Рымбаева, Майра Мұхамедқызы, Мейрамбек Беспаев, Рухия Байдүкенова, Әлішер Кәрімов, Қанат және Светлана Айтбаевтар, сондай-ақ Астана қаласының эстрадалық-симфониялық оркестрі, Жас көрермен музыкалық театрының солистері және басқа да өнерпаздар ән шықады. Концертке композитордың жұбайы Жәмила Қалдаяқова да құрметті қонақ ретінде қатысып, ұлы Мұхтар мен немересі Айсұлу Қалдаяқовтар өнер көрсетті.

● ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

ҚХР мен АҚШ басшылары Наурыз мейрамымен құттықтады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Наурыз мерекесіне орай шет мемлекеттердің басшыларынан құттықтаулар келіп түсіп жатыр.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин ел Үкіметі мен халқының, сондай-ақ өзінің атынан жолдаған құттықтау жеделхатында достас Қазақстан халқына бақ-береке, ал Қасым-Жомарт Тоқаевқа зор денсаулық және оның жауапты жұмысына табыс тіледі.

– Мен Қытай және Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың дамуына айрықша мән беремін. Сіздің Қытайға мемлекеттік сапармен келетініізге және биыл мамыр айында өтетін алғашқы «Қытай – Орталық Азия» саммитіне қатысатыныңызға қуаныштымын. Екі елдің ынтымақтастығын одан әрі дамыту, сондай-ақ Қытай мен Орталық Азия арасындағы байланысты нығайту мәселелері

жөнінде өзіңізбен пікір алмасамыз деп сенемін, – деп жазылған Си Цзиньпиннің жеделхатында.

АҚШ Президенті Джо Байден Қасым-Жомарт Тоқаевты және Қазақстан халқын Наурыз мейрамымен және Рамазан айының басталуымен құттықтады.

– Елдеріміздің арасындағы өзара стратегиялық серіктестік пен халықтарымыздың достық қарым-қатынасы бүкіл аймақтағы бейбітшілікті сақтауға және өңірді өркендетуге септігін тигізеді. Бүгін Астанадан Алматыға дейінгі және бүкіл ел тұрғындары көктемгі жаңару мерекесін тойлайды. Қазақстанның жарқын болашағын және елде тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін Сіздің саяси және экономикалық реформаларыңызды Америка Құрама Штаттары әрдайым қолдайтынын растаймын. Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! – делінген Джо Байденнің құттықтау жеделхатында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ХАЛЫҚТЫҚ ЖОБА

АЛМАТЫЛЫҚТАР ӨЗДЕРІ БАСҚАРАДЫ

Алматының әрбір тұрғынының өздері өмір сүріп жатқан қаланы гүлдендіріп, жайлы өмір сүруге, ыңғайлы қала етуге толық мүмкіндіктері бар. Тек ықылас пен ынта болса жетіп жатыр.



Рая
ЕСКЕНДІР


Дегенмен, осыдан біраз уақыт бұрын қала тұрғындары «Билік не салу керектігін, қалай абаттандыру керектігін өздері шешеді. Неге біздің пікірімізді ешкім сұрамайды?», – деп жиі шағымданатын еді. Өздері қалаған ортаны өздері қалыптастырып, көкейлерінде жүрген көп жобаны бірлесе шешкілері келетін. Көп ұзамай «Бюджетке қатысу» жобасы дүниеге келіп, халық өздері қалаған жобаны әкімшілікпен бірлесе шешетін болды. Мәселен, қазір алматылықтардың өз ұсыныстарын енгізуге зор мүмкіндіктері бар.

Көпшіліктің көкейінен шыққан «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында кез келген адам қалалық ортаны дамыту және жақсарту бойынша өз идеясын ұсына алады. Сонымен қатар, егер дауыс беру процесінде бастаманы басқа тұрғындар қолдаса, ол қалалық бюджет есебінен іске асырылатын болады.

Жалпы, Қазақстан бойынша жұмыс істейтін бағдарлама пилоттық режимде алғаш рет 2019 жылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қалалық әкімшіліктің мәліметінше, жобаның бірінші кезеңі – қала тұрғындарының идеялары мен бастамаларын жинау кезеңі аяқталуға жақын. Дәл қазір бастамаларды жүзеге асыруға 15,5 млрд теңге бөлініп отыр.

– Қала тұрғындары үшін ең бастысы – белсенді азаматтық ұстаным көрсету және белгілі бір қоғамдық кеңістікті абаттандыру бойынша өз ұсыныстарын енгізу мүмкіндігін жіберіп алмау маңызды. Бәлкім, бұл демалыс аймақтарын, саябақтарды, аулаларды абаттандыруға қатысты жобалар болуы мүмкін.

«Бюджетке қатысу» арқылы қала тұрғындары демалуға және бос уақытты тиімді түрде өткізуге мүмкіндік алады. Қаламыздың келбетінің көркем болуының өзі ең алдымен өзімізге байланысты. Алматының тағдыры өз қолымызда. Егер тұрғындардың басым бөлігі белгілі бір жобаны қолдаса, ол биыл іске асырылатын болады, – дейді қала әкімшілігінің өкілдері. Сонымен қатар, олар қаламыздың



тағдырына бей-жай қарамайтын қала тұрғындарын қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бойынша өз ұсыныстарын енгізуге шақырды.

БАРШАҒА ОРТАҚ АУЛА

Жетісу ауданы аумағында қолға алынған бағдарлама аясында балалар мен спорт алаңдарын, скейт-парктерді, скверлер мен жағалаулардағы аллеяларды абаттандыру бойынша 23 жоба іске асырылды. Осы 23 жоба үшін 127 өтініш келіп түсті. Оның алдында 23-і өтсе, биыл 17 жоба өтті.

Мәселен, осы аудандағы көпқабатты үйлердің бірінде тұрып жатқан тұрғындар әбден тозығы жетіп, тоз-тозы шыққан ауланы мүлдем сүріп тастауды ұсынды. Ақыры көптің көмегімен бір кездері қаңырап қалған аумақ өткен жылы жергілікті тұрғындардың белсенділігінің арқасында өзгеріп, кісі танымастай күйге енді. «Халық қатысқан бюджет» жобасы бойынша мұнда футбол алаңы мен балалардың ойын алаңы ашылды.

Әлбетте, қала тұрғындары мұндай орын алып жатқан өзгерістерге қолдау білдіреді. Алматыны жанындай жақсы көретін тұрғындар әсем қаланың көркем бейнесін сақтап қалғысы келеді. Осы ретте ұйымдастырушылар барлық алматылықтарға өз идеяларын ұсынудан қорықпауға және жобаға белсенді қатысуға кеңес береді.

– Осындай бағдарламалар қатары көбейе түссе екен. Әсіресе, «Халық қатысатын бюджет» сынды жобаның берері көп. Мәселен, біз тұрып жатқан көпқабатты үйдің іші де, тысы да адам танымастай өзгерді.

Балалар алаңы мен аулалар бұрын-соңды болмаған күйге енді, – дейді Ардақ есімді тұрғын. – Біздің аула бұрын қараусыз жататын. Қазіргі кейпі өте керемет болды. Тіпті, мұнда балалар түгіл, ересектерге де ұнайды. Бағдарлама туралы есті салысымен біздің үйдің тұрғындары түгел оған қатысуға шешім қабылдадық, қол жинадық. Аудандық әкімшіліктің мамандары жобаны жасауға, шығындардың құнын есептеуге көмектесті. Сосын құрылыс жұмыстарының барлық процесіне соңына дейін қатысты. Жобаға дауыс беру онлайн режимінде өткен еді. Қазір біздің аулада барлық жастағы балаларға арналған тамаша алаң мен футбол алаңы бар. Бізге ықылас танытып, бірлесе еңбек еткен жандардың барлығына рахмет!

БІР АДАМ – БІР ИДЕЯ

«Open Almaty мәліметінше, биылғы бағдарламаны іске асыру үшін 8,5 миллиард теңге бөлінді, алайда қала басшылығы бұл соманы 1,8 есеге арттырып, тағы 7 млрд теңге қосты. Қазір өтінімдерді қабылдау кезеңі өтіп жатыр, ол наурыз айының соңында аяқталады», – дейді Open Almaty.

Ең алдымен әкімшілікте қала тұрғындарынан өтінімдер жиналып, талдап, ашық дауыс беруге қойылады. Сосын қандай жобаны іске асыру керектігін қала тұрғындарының өздері шешеді. Дауыс беру нәтижелері бойынша Сараптамалық кеңес шешім қабылдайды, содан кейін әкімдікте бюджеттік өтінім жасалады. Комиссия мақұлдаған жобалар қалалық бюджет есебінен іске асырылады. Барлық толық

ақпарат сайтта орналастырылған: open-almaty.kz.

Бүгінгі таңда Алматы қаласында жасы 80-нен, тіпті 90-нан асқан белсенділер бар. Сондықтан басты көмек негізінен аға буынға бағытталса да, өз қаласын өзгертуге ұмтылатын барлық тұрғындар үшін жақсы көмек.

Қолға алынып, жүзеге асып жатқан жоба барысында Алматы тұрғындары алаңдарды жөндеуді, тротуарларды, спорт алаңдарын, орындықтар мен урналарды, шамдарды қоюды, шұңқырларды, қоршауларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын құруды ұсына алады.

Сондай-ақ, қала тұрғындары «жасыл» жобаларды да ұсынады. Мәселен, ағаш отырғызуды, қаланы көгалдандыруды, контейнерлік алаңдарды орнатуды, полигондарды жоюды немесе өзгерту сияқты мәселелерді көтеруге құқылы.

– Жобаның атауы қысқаша, бір сөйлемнің ішінде жазылуы керек, ол ұсынылатын жобалық ұсыныстың мақсатына қайшы келмеуі керек. Нысан барлық қала тұрғындары үшін қолжетімділігі шектелмей, жалпы пайдалануда болуы тиіс, – деп атап өтті әкімшілік қызметкерлері.

Сондай-ақ, нысан қала аумағында және коммуналдық меншіктегі жерде орналасуы керек. Жобаны іске асыру әкімдіктің құзыреті шегінде болуы тиіс.

Сіз де жобаға атсалысып, тұрғын үйлерді жарықтандыруды, қалалық аймақтарды безендірумен немесе сәулеттік формаларды орнату үшін жаңа тәсілдермен безендіруді ұсына аласыз. Ең бастысы, бір адам тек бір өтініш жібере алады.





САЛАУАТТЫ ӨМІР

«СЕНІМ» – өмірге ғашық ететін орталық

Наурызбай ауданындағы «Alma city» тұрғын үй кешенінің аумағында қарттарға арналған «Сенім» демалыс орталығы ашылды. «Qazaq Stroy» құрылыс компаниясының ерекше жобасының тұсаукесеріне жиналған қауымның қарасы көп болды.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жиналған жұрт «Сенім» ауласында Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлады. Тұрғындар мен қонақтар арнайы жайылған мол дастарханнан ауыз тиіп, наурыз көжеден дәм татты. Сондай-ақ, салтанатты шараға арнайы шақырылған қонақтардың тәлімді әңгімелерін тыңдап, эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен мерекелік концертті тамашалады. Қазақстан Республикасы ресми түрде қарты көп елге жатады. Егде жастағы жандар халықтың 11%-ын құрайды. «Азаматтарға арналған Үкімет» корпорациясының дерегіне сәйкес, Алматы зейнеткерлер саны бойынша Алматы облысы мен Шығыс Қазақстан облыстарынан кейінгі үшінші орында екен.

Қарттарды жұмыспен қамту ел азаматтарының өмір сүру сапасын арттыруда аса маңызды іс. Әдетте үлкен адамдар зейнетке шыққаннан кейін өздерін қоғамға қажетсіз санап, одан әрі дамуын тежейді. Сондықтан да ата-әжелеріміздің денсаулығы да сыр беріп, отбасында бала-шаға арасында келіспеушіліктер туындайды, бұл қарттардың өмір сапасының нашарлауына әкеледі. Бір отбасында әр түрлі буын өкілдері өмір сүргендіктен, түрлі көзқарастардың болатыны заңдылық. Кей жағдайда жастар бөлек шығып, ата-аналары өздері қалады. Міне, осылайша жалғызбасты қарттардың саны артып, қарым-қатынас тапшылығы мен әлеуметтену мәселелері басталады.

Бұл жоба қарттарды жұмыспен қамтуға, олардың дамуына және сауығуына жаңа мүмкіндіктер ашуға бағытталған. Сонымен

қатар, зейнет жасындағы адамдардың өздері қызығатын бағыттағы салаларды тегін үйренуіне мүмкіндік береді. «Сенім» демалыс орталығы тұрғын үй кешенінің аумағында орналасқандықтан, осы кешенде тұратын қарттарға үй аумағынан шықпай-ақ үйірмелерге бару ыңғайлы.

«Qazaq Stroy» компаниясы егде жастағы адамдар үшін басқа да тұрғын үйлерде осындай демалыс орталықтарын іске қосуды жоспарлап отыр. Бұл зейнетке шыққаннан кейінгі өмірдің жаңа мәдениетін қалыптастыруға, зейнеткерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға, сол арқылы өмір сапасын жақсартуға және күрделі әлеуметтік мәселелерін азайтуға жол ашады. «Qazaq Stroy» компаниясының Бас директоры Болат Ибрагимұлының айтуынша, болашақта компания қаладағы қарттардың белсенді өмір салтын ұстануына көмектесіп, оларға қолдау мен қамқорлық көрсетуді мақсат етіп отыр.

«Сенім» демалыс орталығында йога сауықтыру жүйесі, бильярд, үстел теннисі, фитнес бағдарлама, шахмат, дойбы, домино, тоғызқұмалақ, вокал студиясы, караоке, хор, музыкалық-театр үйірмесі, актерлік шеберлікке үйрету, компьютерлік сауаттылық және әлеуметтік желі, отбасы психологиясы, менталды қабілеттілік секілді үйірмелер жұмыс істейді. «Сенім» орталығының басшысы Гүлжан Нұртаеваның айтуынша, болашақта бұл бағдарлама халықтың сұранысы мен ұсынысына орай кеңейетін болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Светлана КАЗАНЦЕВА, зілтемір көтеру және бітімге тартудан Азия мен Қазақстанның қазіргі чемпионы:

70 ЖАСЫМДА ЗІЛТЕМІР КӨТЕРУМЕН АЙНАЛЫСА БАСТАДЫМ

Наурыз мерекесі өте ерекше мереке. Осындай шуақты мерекеде «Сенім» орталығы ашылып жатқанына қуаныштымын. Мен 2015 жылдан бері спорт залға барып, шұғылдануды бастадым. Сол уақытқа дейін біресе аяғым, белім ауырып, әрең қозғалатын едім. Спорттың арқасында өмірге қайта келгендей болдым. Бір жылдан кейін зілтемір көтерумен кәсіби түрде айналыса бастадым. Міне, осындай еңбектің нәтижесінде қазір ширақ қозғаламын, өзімді жас сезінемін.

Аружан САИН, «Мейірімділік» қайырымдылық қорының негізін қалаушы:

ҚАРАПАЙЫМ ӘНГІМЕЛЕСКЕНГЕ ЖЕТПЕЙДІ

Қазіргі кезде бәрімізге қарапайым қарым-қатынас, жай ғана бір-бірімізбен әңгімелесу жетіспейді. Ал «Сенім» секілді орталықта адамдар бір-бірімен кездесіп, жайлы, әдемі жерде уақыт өткізе алады. Аулада, шулы көшеде емес, арнайы орында кездесіп, жаңалықпен бөлісу, кеңестер алу, жақсы көретін іспен шұғылданудың өзі керемет емес пе? Осындай орталықта үлкен буын балаларға көрпешелер тігу, тоқыма тоқу, шахмат ойнау секілді қарапайым дүниелерді үйретсе де, жай ғана балаларға кітап оқып берсе де, өте пайдалы. Сондықтан осындай орталықтар көп болса екен, өміршең болса екен деп тілеймін.

Чакер СМАҒҰЛОВ, 61 жастағы мүмкіндігі шектеулі спортшы:

СПОРТТЫҢ АРҚАСЫНДА ДЕРТТІ ЖЕҢДІМ

Мен 2013 жылдан бері жүзу спортымен айналысып келемін. Жүзуден Қазақстанның бес дүркін чемпионы, Алматы облысының он дүркін чемпионы болдым, жүзуден спорт шеберімін. Спорт менің денсаулығымның мықты болуына септігін тигізді. Осыдан бірнеше жыл бұрын ковидпен ауырдым. Сол кезде спорттық жаттығулар арқылы емделдім, жүрегім сыр берген кезде де спорттың арқасында дертті жеңдім. Сондықтан қанша жасқа келсе де, адам спортпен айналысуы керек деп санаймын. Дені сау адамның жаны да тыныш.

«ANIMAL SECURITY»

Мысықтарға арналған үйшіктер орнатылды

Алматыда «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңды іске асыру шеңберінде Медеу ауданы әкімдігінің қолдауымен Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы және «Animal Security» қоғамдық қоры бірлесіп көше мысықтарына арналған үйлер орнатты.

Досбол
АТАЖАН

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Медеу ауданы, «Самал-1» ықшамауданының 19-үй маңында үйсіз жүрген көше мысықтарына арналған арнайы үйшіктер орнатылды. Айтылған үйшіктердің тазалығы мен сақталуын жақын маңдағы үйлердің тұрғындары өз жауапкершілігіне алып отыр.

– Біздің үйдің тұрғындары, апаларымыз осында жүретін мысықтарға тамақ беріп, біраз уақыттан бері үйсіз жануарларға көмектесіп жүрді. Қыс алдында біз мысықтарға үйшіктерді орнатуды жоспарладық және осы ойды іске асыру үшін мүмкіндіктер іздедік. Осылайша біз «Animal Security» ҚҚ өкілдерімен байланыс орнаттық. Жануарларды қорғау қорында бізге осындай қалалық жоба жасалып жатқаны айтылды. Нәтижесінде Медеу ауданының әкімдігі қолдауымен бұл бастама бүгінгі күні іске асып отыр. Алдағы уақытта орнатылған үйшіктердің қауіпсіздігі мен тазалығына біз жауап береміз, – деді «Самал-1» ықшамауданының 19-үй МИБ (мүлік иелерінің бірлестіктері) төрағасы Мұхит Қатанов.

«Animal Security» қоғамдық қорының басшысы Наталья Сульжиктің айтуынша, бұл жоба адамдарды жауапкершілік пен мейірімділікке шақыру мақсатын ұстанады.

– Қазір «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң іске асып жатыр. Яғни үйсіз жануарлар аулап алынады, одан кейін залалсыздандырылады және вакцина салынады да, қайтадан бұрынғы орындарына жіберіледі. Бірақ олар қайта босатылғанымен, жануарларға ешқандай жағдай жоқ. Сондықтан біз, әзірге мысықтар үшін үйшіктер орнату бастамасын қолға алдық. Болашақта иттерге арналған үйлер орнату да жоспарда бар. Жалпы, жоба мақсаты – адамдарды жануарларға қамқор болуға шақыру, балаларды

жауапкершілікке үйрету, – деді жоба кураторы Наталья Сульжик.

Жоба кураторы бұл үйшіктер тұрғын үй иелерінің жауапкершілігіне берілетінін де атап өтті.

– Қауіпсіздік үшін бұл үйшіктерді бейнебақылау камераларының қасында орнатып жатырмыз. Сондай-ақ, олардың еш жері бүлінбеуін тұрғын үй адамдарының арасында бекітілген куратор мен жергілікті полиция қызметкерлері қадағалайтын болады. Осы үйшіктерді өз жауапкершілігіне алған куратор бізбен келісім негізінде мысықтарды қосымша тамақтандыратын болады, – деді Н.Сульжик.

Сондай-ақ, Наталья Сульжиктің айтуынша, әр үйшік тұрғындардың толық келісімі болған жағдайда ғана орнатылады. Дегенмен, қоғамдық қор басшысы қала тұрғындарының көпшілігі бұл бастаманы қолдайтынын айтады. Жалпы жануарларды қорғау қорына осындай үйлерді орнату туралы 500 өтінім келіп түскен. Оның ішінде 80 өтініш Медеу ауданынан жолданған.

– Бүгінгі күні Медеу ауданының әкімдігі, Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы, Полиция департаменті және зообақылау ұйымы меморандумға қол қойды. Оның негізінде үйсіз көше мысықтарына арнайы үйшіктер орнатылды. Бұл – пилоттық жоба. Алдағы уақытта осы жоба адамдар арасында қолдау табатын болса, қаланың өзге аудандарында да іске асады. Әзірге біз осы жерде орнатылған үйшіктер арқылы жобаның артықшылықтары мен кемшіліктерін бақылап, оны әрі қарай дамытуды жоспарлап отырмыз, – деді Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Омаров.

Айта кеткен жөн, мысықтарға арналған үйшіктер толықтай Медеу ауданы әкімдігінің қаржыландыруымен жасалды. Жалпы, аудан әкімдігімен мысықтар мен иттерге он-оннан үйшік жасау жоспарланған.



АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫС АЗ ЕМЕС

АЛАТАУ АУДАНЫ

Көктем келгелі Алматының коммуналдық шаруашылық қызметтерінде жұмыс қауырт. Қаланың барлық аудандарында күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты жұмыстарды жүргізу жөнінде жиындар өткізіліп, тұрғындармен кездесулер ұйымдастырылуда.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ТАПСЫРМАЛАР БЕРІЛДІ

Наурыз айының басында Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшылығы «Компания Нұрайстрой» ЖШС мердігерлік ұйымы өкілдерінің қатысуымен Алатау ауданына қарасты «Қарасу» шағынауданының тұрғындарымен көшпелі кездесу өткізген болатын.

Кездесу барысында басқарма басшысы тұрғындардың өтініш-тілектерін тындап, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыс барысымен таныстырды. Мәселен, аудан халқын мазалаған сауалдардың бірі қалған құрылыс

жұмыстарын жүргізу мен жол төсемін қалпына келтіруге қатысты болды. Бүгінде басқарманың тапсырысы бойынша Алматы қаласының осы шағынауданында инженерлік коммуникацияларды кешенді дамыту жұмыстары қарқын алған. Мәселен, бүгінге дейін ауданда 26,6 шақырым су құбыры және 21,7 шақырым кәріз салынған. Алдағы уақытта кәріз-сорғы станциясының құрылысы жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Кездесуде басқарма басшысы Санжар Алин мердігер ұйымға қалған 2,6 шақырым кәрізді төсеуді аяқтау; кәріз-сорғы станциясын салуға кірісу; асфальт жабындысын қалпына келтіруді талап ететін көшелердің тізбесін жасау және осы бағыттағы жұмыстарды тез арада бастау секілді бірқатар жұмыстар тапсырды.



ТҮРКСІБ АУДАНЫ

Мақсат – айқын, мүдде – бір

Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Санжар Алин Түркісіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаровпен және мердігер ұйымдардың өкілдерімен бірлесіп, инженерлік желілерді салу мәселесі бойынша кеңес өткізді. Бүгінгі таңда шағынауданда Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының мердігерлері магистральдық су желілерін тарту жұмыстарын бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар, шамамен, сәуір айының соңында аяқталады, содан кейін абоненттерді қосу жұмыстары жүргізіледі.



Қалалар мен ірі елді мекендерде кәріз суының қоршаған орта мен тұрғындар денсаулығына тигізетін зияны аз емес. Бұған жол бермеудің басты тәсілі – кәріздік тазарту құрылыстарын (КТҚ) салуды жоспарлау. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс-

тар көп-ақ. Мәселен, қазіргі уақытта ауданда кәріз желілерінің жұмыс істеуі үшін кәріздік сорғы станциясының құрылысына дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстарға қатысты барлық қажетті материалдар мен жабдықтар сатып алынды.

Сонымен қатар, кәріз желілеріне абоненттік бұру жұмыстары жалғасып жатыр. Мамандардың айтуынша, аталған жұмыстар кестеге сәйкес маусым айында аяқталады.

- «Нұршаиқан» шағынауданында су желілеріндегі жүйелі апаттарға байланысты құбырлардың бірін ауыстыру туралы шешім қабылданды. Жұмыс сәуір айының соңында басталады. Кәріз желісінің жұмыс істеуі үшін мердігер қалған 30 құдықты тазалауды жалғастырады.
- «Тұздыбастау» қосалқы станциясының құрылыс барысы тексерілді. Мұнда жұмыс кестеге сай жүріп жатыр, жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Еске сала кетейік, қосалқы станция «Қайрат» және «Нұршаиқан» шағынаудандарын сапалы электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында салынып жатыр.
- «Нижняя пятилетка» шағынауданында да инженерлік желілерді тарту жұмыстары жүзеге асырылуда. Сәуір айында жаңа желілердің қысымын сынау және желілік құрылыс жұмыстары аяқталған көшелерді асфальттау жұмыстары басталады. Мамандардың айтуынша, ең алдымен, қоғамдық көліктер жүретін жолдар – Бартольд, Зенкович, Бейсебаев көшелері асфальтталады. Содан кейін қалған көшелерге асфальт төселеді. Мамандар тұрғындарға кәріз желісіне абоненттік бұруды

мүмкіндігінше тезірек жүргізу қажет екенін ескертеді. Өйткені, жол жұмыстарының басталуы осыған байланысты.

- Кіші Алматы өзенінің үстінен өтетін коллектор 60 жылдан астам жұмыс істеп келеді. Табиғи жағдайлардың әсерінен желі коррозияға ұшыраған, осыған байланысты ағынды сулардың өзенге өтіп жатқаны туралы хабарланған еді. Ауқымды экологиялық проблеманы болдырмау және «Нұршаиқан» ықшамауданындағы 5 мыңнан астам абонентті және әуежай аймағындағы көпқабатты үйлерді сапалы сумен қамтамасыз ету мақсатында жаңа коллектор салу жоспарға енгізілді. Тұрғындарға қолайсыздық тудыртпау үшін коллекторды ауыстыру кезінде, абоненттерді желілерден ажырату қарастырылмаған, жұмыстарды толық аяқтау ағымдағы жылдың мамыр айына жоспарланған.
- Естеріңізге сала кетейік, сенбі, 25 наурыз күні сағат 11.00-де аудан әкімі Бақытжан Ақжаров Чехов көшесі, 131 мекенжайында орналасқан №76 ЖББМ-де аудан тұрғындарымен көшпелі кездесу өткізеді. Сонымен қатар, аудан әкімі қала басқармаларының өкілдерімен, аудандық коммуналдық қызметтің және құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге кездесуге дейін және кейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізеді.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Демалыссыз жұмыс

Алматының коммуналдық қызметтері мереке күндері күшейтілген режимде жұмыс істеді.

Қалалық әкімдіктің баспасөз қызметі мәлімдегендей, тұтынушыларды үздіксіз электр қуатымен, жылумен, сумен және газбен жабдықтау үшін 21, 22, 23 наурыз күндері Алматы энергетика және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары жоғары дайындық режиміне ауыстырылған.

Сонымен қатар, қаланың коммуналдық шаруашылықтарының жедел әрі жөнделу қызметтерінің тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылды. Тіпті, судың, будың немесе ашық құдықтар анықталған кезде апаттық-диспетчерлік

қызметтерге жүгіну қажеттігі де алдын ала хабарланып, алматылықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткен.

Мереке күндері Алматының аспаны жарқырап тұрды. Қала халқы еш алаңсыз орталық алаңдарда ұйымдастырылған түрлі мерекелік концерттер мен мәдени іс-шараларға қатысты. Әдемі безендірілген қаланың көрікті жерлерінде суретке түсті. Ең бастысы, қала халқы мен коммуналдық қызмет мамандарын ешкім де, ештеңе де мазалаған жоқ.

НАУҚАН

МАҢЫЗДЫ САЯСИ ҮДЕРІС

Философия, саясаттану және дінтану институтының Саяси зерттеулер орталығы «Қазақстанның партиялық жүйесінің статистикалық және динамикалық қасиеттері» атты халықаралық ғылыми семинар өткізді. Негізгі баяндамашы – Назарбаев университетінің профессоры Риккардо Пелиццо.

Семинарда саяси партиялар мен партиялық жүйелер теориясының призмасы арқылы Қазақстанның партиялық жүйесінің әртүрлі аспектілері, сондай-ақ 19 наурыздағы парламенттік сайлаудың Қазақстанның партиялық жүйесіне әсері талқыланды.

– Елімізде сайлау процесі өтті. Парламентке лайықты тұлғалар

сайланды деп ойлаймыз. Жалпы сайлау жаһанда бар үдеріс. Демократиялық қоғамдағы аса маңызды шара деп түйеміз. Әрбір саяси кезеңді өткізу алқалы іс. Осындай шақта қоғам жана әрі әділ уақытқа өтеді, – деді ғалым Рүстем Қазақбаев.

Партиялардың қоғам үшін маңызы тым жоғары екендігі ай-

тылды. Бұл туралы Назарбаев университетінің профессоры Риккардо Пелиццо айтып берді.

– Саяси дода партиялардың қатысуымен өтеді. Оның ең негізгі тұсы саяси шарттың көркін қыздыра түсуінде деп ойлаймыз. Сонымен бірге, идеологиялық қыры да болатыны анық, – деді ол.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ҰСТАҒАН ЖАН!

Орталық коммуникациялар қызметінде тікелей эфирде өткен «Ізгілік айы Рамазан» тақырыбындағы баспасөз мәслихатына қатысқан Алматы қаласының бас имамы Төлеби Дәділұлы Оспан «Muftuat» баспасынан шығарылған «Оразаға қатысты 200 сұрақ» атты кітапшаның мешіттерде 10 000 тиражбен таратылатынын айтқан еді.



Бұл шағын кітапшада қасиетті Рамазан айына қатысты көпшілікті толғандырған мәселелерге орай сұрақтар мен жауаптар топтастырылған. Оразаның түрлері мен шарттары, оразаны бұзатын және бұзбайтын амалдар, қадір түнін күту, иғтикафта отыру, жолаушы мен науқасқа қатысты және әйел кісілерге тән тұстары қамтылған. Сондай-ақ зекет пен пітір садақа жайлы да сауалдардың жауабы берілген. Кітапша жалпы оқырман қауымға арналған. «АҚШАМ-АҚПАРАТ» өз оқырмандарына жақсылықтар еселенетін айда бағыт-бағдар беретін осы кітапшадан үзінділер ұсынуды жөн көрді. Сонымен...

РАМАЗАНҒА ҚАТЫСТЫ
200 СҰРАҚ

• Ораза сөзінің анықтамасы қандай?

• Ораза сөзінің араб тіліндегі баламасы – «саум». Бұл – барлық нәрседен тыйылу деген мағынаны білдіреді. Ал шарифат терминінде – ораза ұстауға ниет етіп, көкжиекте көлденең атқан таңнан бастап, күн батқанға дейін ішіп-жеуден және төсек қатынасынан тыйылу.

• Рамазан оразасының парыздығына дәлел бар ма?

• Рамазан оразасы – Исламдағы бес парыздың бірі. «Бақара» сүресінің 183-аятында Алла Тағала: «Уа, иман келтіргендер! Ораза бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де парыз етілді», – деп бұйырады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз хадисінде: «Ислам бес негізге құрылған: Алладан басқа құдай жоқ екеніне, Мұхаммед Алланың құлы әрі Елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, рамазан оразасын ұстау және шамасы жетсе қажылыққа бару», – деген (Бұхари).

• Рамазан оразасы қашан парыз болды?

• Рамазан оразасы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеден Мәдинаға қоныс аударған соң хижраның екінші жылы (миләди 624) парыз болды. Осы жылдан бастап мұсылмандар рамазан айында парыз оразаны ұстай бастады.

• Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірінде неше рет парыз оразасын ұстаған?

• Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірінде тоғыз рет ораза ұстаған.

• Рамазан оразасының қандай пайдалары бар?

• Басқа ғибадаттар секілді оразаның да адам баласы үшін сан түрлі пайдалары бар. Бірінші кезекте, ораза ұстаушы Алла Тағалаға бойұсыну арқылы өз бойына тақуалық дәнін егеді. Ораза – адамға өнегелі мінезді үйрететін тәрбие мектебі. Оразаның көмегімен адам жағымсыз әдеттерден арылады. Ораза сабырлы болуды және жүйелілік пен тәртіпті үйретеді. Аузы берік жан айналасындағы аш-жалаңаштардың күйіне еніп, бойындағы мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдылық секілді сезімдерді оятады. Ораза – нәпсімен күрес әдісі. Бір ай бойы құмарлықтарымен күрескен адам бұл күрестің салықалы өмірі мен ақырет бақыты үшін маңыздылығын түсініп, бірте-бірте нәпсісіне толық иелік етуге ұмтылады. Сондай-ақ рамазан айында Алла Тағаланың құлдарына деген рақымы мен мейірімі басқа айларға қарағанда ерекше болатынына көзі жетеді. Бұл кеңшіліктер құлдың Раббысына деген махаббатын арттырып, жасаған күнә-

Биылғы жылды Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы «Ислам және ізгі қоғам» жылы деп жариялады. Мейірім мен ізгілік айында Алматы мешіттерінде қасиетті Рамазан айы аясында арнайы бекітілген жоспар негізінде түрлі іс-шаралар өтеді.

- Биыл қаладағы 54 мешіттің 50-інде тарауих намазында құран хатым түсіріледі.
- «Исмихан», «Қулиза ана», «Макка», «Ар-Рахим» мешіттерінде тарауих намазы құран хатымсыз оқылады.
- Алматы Орталық мешітінде «Рамазан шатыры» құрылып, күнделікті 500 кісіге ауызашар дастарханы жайылады.
- Ауызашар қала мешіттерінде де беріледі.
- Қала мешіттерінде дәстүрлі ислам құндылықтарын дәріптеуге арналған дәрістер, ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.
- «Рамазан – ізгілік айы» аясында түрлі шаралар ұйымдастырылмақ.
- Алматы тұрғындары арасында 23 наурыз – 1 сәуір аралығында өтетін «Жарапазан-Party» байқауы жарияланды. Мақсат – ораза айында дін мен дәстүрдің сабақтастығын дәріптеп, кенжелеп қалған дәстүрімізді жаңғырту.
- Алматы өкілдігі «Muftuat» баспасынан 10000 тиражбен «Оразаға қатысты 200 сұрақ» атты кітапшаны шығарды.

лары үшін ұялуына, кешірім сұрап, тәубеге келуіне орасан септігін тигізеді.

• Құдси хадисте Алла Тағала: «Оразаның сауабын Мен беремін», – дейді. Оразаның басқа құлшылықтан айырмашылығы неде?

• Бұл имам Бұхари мен Мұслим хадистер жинағында келген хадис. Риуаятта Алла Тағаланың: «Адам баласының оразадан басқа барлық амалы өзіне. Ол (ораза) Мен үшін. Оның сауабын Мен беремін...», – дегені көрсетіледі. Хафиз Ибн Хажар (Алла оны рақымына алсын) аталмыш хадиске сүйене отырып нәліктен ораза ерекше ғибадат екеніне қатысты ғалымдардың бірқатар тұжырымдарын жинақтаған. Солардың бірне-

● AZAN.KZ

Төлеби ОСПАН,

Алматы қаласының бас имамы:

ЖАҚСЫЛЫҚТАР МЕН САЛИҚАЛЫ АМАЛДАР
сауабы еселеніп жазылатын ай

Рамазан – Алла Тағала тарапынан бүкіл адамзатқа тура жол ретінде Құран түсірілген ұлы ай. Құранда: «Рамазан – адамдарға тура жол нұсқаушы, бекем тұтынатын жолбасшы, ақ пен қараны айырушы ретінде Құран түсірілген ай».

Рамазан айында Алла Тағаланың құлдарына деген рақымының басқа айларға нәсіп болмаған ерекше көріністері мен кеңшіліктері орындалады. Әбу Һурайра (р.а) Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Рамазан кірген кезде жәннат есіктері ашылып, тозақтың есіктері жабылады. Сондай-ақ, шайтандар кісенделеді», – деп айтқанын риуаят еткен.

Рамазан – құлдың Хак Тағалаға барынша жақындау үшін күллі қам-қарекетін салатын бар жігер-қайратын төгетін ұлы майданы. Рамазан – жай уақытта жасаған жақсылықтар мен салықалы амалдар сауабы еселеніп жазылатын – құтты айы. Сондықтан бұл айда бар игілік иелері жақсылық жасауда өзара аламан бәйгеге түседі. Расында, рамазан айы өмірлік жолымызды көрсететін, нәпсімізбен күресуді үйрететін және мінез-құлқымызды туралайтын ай. Бұл айда әрбір мұсылманға өзінің өмірлік кестесін жасауға мүмкіншіліктер ашылады.



Келіп жеткен қасиетті Рамазан айы құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке-бірлік нәсіп етпей! Тәуелсіздігіміз баянды, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әумин!

шеуіне тоқталайық: Рамазан оразасына қатысты 7 1. Ораза – рия (көзбояушылық) араласпайтын құлшылық. Имам Қуртуби: «Құлшылықтардағы ниетке көзбояушылық кіре алады. Ал оразаны Алладан басқа ешкім көрмейді. Сондықтан Алла Тағала Құдси хадисте: «Пендем мен үшін (оразда) құмарлығын тыяды», – деп айтқан. 2. «Оның сауабын Мен беремін» деген сөздің мағынасы: «Оразаның сауабы мен мөлшері Маған ғана аян», – дегені. Имам Қуртуби құлшылықтардың сауабы жайлы риуаяттар келтіреді. Ха-

Мұны біл», – деп жазады. Ғұлама сөзін жалғастырып: «Көпшіліктің оразасы (умум), ерекше ораза (хусус) және арнайы ораза (хусус әл-хусус). Көпшіліктің оразасы – асқазан мен құмарлықтан тыйылу. Ерекше ораза – құлақ пен көзді, тіл мен қол-аяқты және басқа да дене мүшелерін күнә атаудан тыю. Ал арнайы ораза – жүрек оразасы. Бұл – жаман ой мен дүниелік пікірден тұтас-тай арылып, Алладан басқа барлық ойдан толығымен тыйылу», – дейді.

• «Рамазанда шайтандар байланады» деген хадис бар екен. Онда нәліктен ораза айында адамдар жаман ісінен тыйылмайды?

• Бұл хадис имам Бұхари және Мұслим еңбектерінде сахаба Әбу Хурайрадан (Алла оған разы болсын) риуаят етілген. Хадистің мәтіні: «Рамазан айы келсе, жәннат қақпалары ашылып, тозақ қақпалары жабылады және шайтандар шынжырланады». Рамазан – Құран түскен ай. Бұл айды Алла Тағала ораза парызмен ерекшелеген. Сонымен бірге, рамазан – жақсылық пен қайырымдылық айы. Рамазанның құрметіне аспан (мейірім) қақпалары ашылады. Сондай-ақ, шайтандар шынжырланады. Бұл – адам үшін үлкен ескерту. Азғырушы шайтан кісенделген уақытта адам ораза тұтпағанына және құлшылық жасамағанына ешбір сылтау айта алмайды. Демек, шайтан шырмауда тұрса да, адамның нәпсісі азғыруы мүмкін. Олай болса, ораза – нәпсімен күресу және оны тәрбиелеу айы.

• Рамазан оразасы кімдерге парыз?

• Балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс, жолаушы емес әрбір мұсылман ер мен әйелге парыз. Яғни мұсылман болуы, балиғат жасына толуы, ақыл-есі дұрыс болуы, ораза ұстауға күші жетуі және тұрғылықты жерінде болуы шарт.

• Оразаның қандай түрлері бар?

• Ораза парыз, уәжіп, нәпіл және мәкрүһ деп бөлінеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАУІП ҚАЙДАН?

АДАЛ АС – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Бүгінде тағамның түрі көп. Соған орай аңсарың ауғанның барлығын табасың. Сатып аласың. Құстың сүтінен басқаны, әрине... Дүкен сөрелеріндегі самсап тұрған тағамдардың әмбебаптығы «тек қана піс, аузыма түс» дейтіндей тіпті. Әйтсе де, бісмілләсіз аузына ас алмайтын қазақ баласы бүгінде не жеп жүр? Олар жегенінің немесе жейтінінің халалдығына сенімді ме? Әй, қайдам?.. Күні кеше әлеуметтік желіде тараған ақпарат кім-кімнің де жағасын ұстатқаны анық. Көрме-сеңіз, қысқаша баяндай кетейік. Өйткені, бұл ақпарат ғаламтор беттерінде көп жазылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Қаланың жартысы менен алады»

Ақмола облысында ер адам иттерді аулап, оның етін дәмханаларға саудалап келген. Ит аулаушыны еріктілер сатып алушы болып сөйлесіп, полиция қызметкерлерімен бірігіп қолға түсірген. Ер адам тендерге сәйкес 18 ауданы бар екенін және одан ит қашпайтынын айтады. Сондай-ақ, ит аулаушы қаланың жартысын етпен қамтамасыз ететінін айтып, қызметін жарнамалаған.

Ең сорақысы, ол ешкімнен именіп те, қорқып та тұрған жоқ. Керісінше, «Етте чип пен оқ болуы мүмкін, сондықтан мұқият пісіріңіздер» деген. Полиция қызметкерлері тексеру барысында одан қару-жарақ пен 750 келіден астам иттің етін тәркілеген. Еріктілердің айтуынша, жауап алғаннан кейін ит аулаушы босатылған. Сонда әлгі қаңғыбас иттердің барлығын сау деп айта аламыз ба? Олардың ауру немесе құтырған болуы бек мүмкін ғой...

Тұшпара-шұжық жасайтын көрінеді

Осы оқиғаға ұқсас тағы бір жағдайды айта кетейін. Бірде құдай қосқан көршіміз Зейнеш пен Рауан «қысқы соғымнан ауыз тиіндер» деп үйіне қонаққа шақырды. Балалы-шағалы, қорасында 5-6 жылқысы, сиыры, 10-15 шақты маңыраған қойы бар берекелі отбасыға қарап ішің жылытын болғасын бардық. Сөйтіп, «жесең тісіңе, жемесең түсіңе кіретін» жылқы етіне бас қойдық. Жал-жая мен қазы-қартасы бар соғым етіне тойған соң, қызылқұрең шай ішіліп, әңгіменің тиегі ағытылды. Терін сыпыра сүртіп, бойы балқып отырған көршім шынын айтам деп, сырын айтқандай болды.

«Көктемде біраз бордақылап, қысқа қарай сатпақ ниетпен 3 бұзау сатып алдым. Бірақ суық тиді ме, әлде ауырды ма, түсінбедім, соның екеуі өліп қалды. Өлексені ауылдың сыртындағы қоқысқа апарып тастағанымды жалай кезіккен танысыма айтып ем, «ойбай, қайда тастадың?» деп әлгі малдың «адресін» сұрай кеткені. Айттым. Үйге келсем, екіншісі де өліп қалыпты. Дерее, жаңағы танысыма хабарласып, жағдайды баяндадым. Тұтқаның ар жағындағы танысым «маған өлген бұзауыңды 100 долларға сат» деп жабыса кетпесі бар ма?! Итине немесе шошқасына бергелі жүрген болар деймін ғой іштей. Сөйтсем, әлгі бәтшағар өлген малдың еттерін тұшпара, шұжық жасайтын цехтарға өткізеді екен. Сұмдық қой! Біреу айтса сенбес пе едім, әлгі танысымның қуана-қуана өлексені сатып алғанына қарап, жағамды ұстадым», — дейді Рауан.

«Сөздің басы бисмиллаһ, бисмиллаһсыз іс қылма» деген. Әлі есімде, кішкентай кезімізде әкемнің мал соярда алдымен орнын сайлап, одан кейін пышағын қайрап алып, алақанын жайып жіберетін де: «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп бісмілләсін айтып жатқанын талай естіген едік. Сөйтсек, бұл сөздің астарында «балаларым адал ас ішіп, дені сау, ары таза болып өссін» деген терең



мағыналы тілек жатқан екен ғой. Оның бәрін кейін түсіндік емес пе? Иә, «астың адалдығы – денсаулығының бір кепілі». «Ауру – астан» деген сөз де осындайда айтылса керек.

Малдан да ауру жұғады

Өткен жылы ауылға бардым. Мектеп бітіргелі көрмеген Азамат есімді кластасымның сал ауруына ұшырап, мүгедек болып қалғанын естіп, халін сұрап барғаным бар. Кезінде ол мықты волейболшы болатын. Аудандық, республикалық жарыстарға қатысып, үнемі жүлделі орындар иеленетін оның бүгінгі жайын көргенде, тіпті, өз көзіме өзім сенбедім.

Айтуынша, қалаға жарысқа барған кезде, аякасты ауырған көрінеді. Дәрігерлер бруцеллез деп диагноз қойған. Малдан жұққан сол ауру асқынып, соңы арбаға танып тыныпты. «Өкініш өзеңгі өртегенмен, қолдан келер дәрмен жоқ. Қай жерде, қашан не жегенімізге мән бермедім. Білем, ауруды еттен табамын деп үш ұйықтасам түсіме кірмепті» дейді Азамат өткен күндерді еске салып...

Осындай жәйттерден кейін қуықтай дүңгіршектердің маңайында құмырсқаша қаптап тұратын жастар еріксіз еске түсті. Қолдарына самса мен бәліш ұстағандар дөңгелене тұра қалып, тек қарынды тоқтаудың қамына кірісетін көріністер әлі де жетіп-артылады. Ешкім ешнәрсеге күдіктенбей соғып жататын самсаның дәмділігі өз алдына. Бірақ осылардың кейін өзімізге дерт болып жабыспасына ешкім де кепіл бола алмайды. Қанша естіп, көріп жатсақ та, бейкам тірліктің жалғасып жатқанына тандай қаққаннан басқа шара жоқ.

Бір кездері ғаламтор арқылы тараған бейнежазбаны көріп пе едіңіз? Онда өзіміздің еліміздегі қасапшылардың сиырды пышаппен емес, балғамен (соққы) ұрып өлтіріп жатқаны жайлы көрсетілген болатын. Мамандардың айтуынша, бастан ұрып немесе электр тоғы арқылы өлтірілген мал етін жеуге мүлде болмайды. Өйткені, ол адам өміріне өте қауіпті екен. Неге десеңіз, мал сойылғанда қан сыртқа толық шығарылмаса, денедегі қан ұйып қалады. Ал ұйыған қанда өте жоғары немесе өте төмен температурада да жойыла қоймайтын вирустар болады. Олар адам ағзасына өткенде айықпас дертке шалдықтыруы әбден мүмкін дейді мамандар.

Өзің әзірлеген асқа ештеңе жетпейді

«Малдың да киесі бар. Мал екеш мал да қасапшының пышағы бір тартқаннан өтсе екен деп армандап жатады. Өйткені, олар да жанының қиналғанын қаламайды» дейді мал союдың жөн-жосығын, обал-сауапты бір кісідей білетін жандар. Бойын үрей билеген малдың бойында «қорқыныш» гормоны болып, адам өміріне едәуір зиянын тигізетінін де мамандар айтып отыр.

КЕРЕК КЕҢЕС

Шұжық өнімдерін жиі қолдану адам ағзасы үшін қауіпті. Гарвард университетінің ғалымдары осылай дейді. Олардың зерттеуінше, қайта өңделген барлық ет тағамдарының (колбаса, сосиска, т.б.) 50 грамының өзі қант диабетімен ауру қаупін бірнеше есеге арттырып, жүрек ауруларының қозуына себепші болатын көрінеді.

КЕРЕК ДЕРЕК

Қазақстан ет жеу бойынша 48-орында тұр екен.



Иә, бүгінгі қала тірлігі мүлде өзгерген. Дамыған технология заманында қой сою «модалан» қалғалы қашан?! Қала қазақтарының бәрі «қасапшы» емес. Сондықтан көпшілік базарға жол тартады. Ал базардан мал сатып алған күннің өзінде, сол жердегі «жабайы» қасапханаларда ақшасын төлеп сойдырып жататындарды талай мәрте көзіміз көрді.

Білуімше, базарда 2000 теңгеңізді төле-сеңіз, малыңызды мүшелеп, жіліктеп бөліп, ішек-қарнына дейін тазалап, пакетке салып береді. Айтпағымыз, кезекті мал сойылғаннан кейінгі ол жердің уақтылы жуылып-шайылмайтындығы мен ондағы санитарлық тазалықтың жоқтығында болып тұр. «Байдың асын байғұс қызғаныпты» дей көрмеңіз.

Көпшілігімізге ет ауылдағы ағайындардан келетіні белгілі. Әйтсе де, барлығымыз аузымыз майланып, ет жеп жатырмыз деп тағы айта алмаймыз.

Қазір мұсылман баласының басым бөлігі ораза ұстап, ауыз бекітті. Жұмысбасты жандар үйге кетіп бара жатып, кез келген дүкеннен тұшпара сатып ала салуды әдетке айналдырған. Өз қазаныңды қайнатуға асқазанымыз құттырмай, дайын өнімге қарын тойдыруға құмармыз. Алайда, біз ол тағамның қандай жағдайда жасалғанынан бейхабармыз. Мүмкін, сіз шынымен де, санитарлық тазалыққа сай емес орындарда сойылған, қан-жыны толық шыға қоймаған «инфекцияға бай» ет өнімін құтханаңызға алып бара жатқан шығарсыз?.. Мүмкін, әлгі менің көршімнің тырбиған арық бұзауының етінен жасалған тұшпара дорбаңызға түскен шығар...

Сондықтан асыңыздың адалдығына аса мұқият болыңыз. Біз мұның бәрін қауіп еткеннен айтамыз. Кезінде арқан-арқан кір жуып, қазаны оттан, шәйнегі шоқтан түспеген аналарымыздың жұмысы әлдеқайда жеңілдеген. Әйел затының еншісіне бұйырған үй тірліктерінің кез келгенін бүгінде техника атқарып жатыр. Тіпті, нан ашытуды да осы «ақылды» құралдар орындайтын болған. Адам жақсыға тез үйренеді.

Рас. Бірақ бұл мерекелерде жарыса қазан көтеріп, шелпек-бауырсақтарын пісіретін аналарымыз үшін айтылмаса керек-ті. Бірде «Тропикана» дүкенінің алдындағы сауда орнынан бауырсақ сатып алып жатқан екі апайдың: «Ертең – айттық. Қойшы, бауырсақ пісірмеймін. Үйдің ішін май сасытқым келіп тұрған жоқ. Оның үстіне, үйге онша ешкім келмейді. Осынан 5 келі сатып алсам жетеді» дегенін естігенім бар.

Айтпақшы, жоғарыдағы әңгімелерден кейін, өз басым, анда-санда дастарханым қоятын шұжықтарды мүлде алмайтын болдым. Өйткені, балалардың тәттісі мен сүйіктіңнің сүйген асын балды бармағыңмен өзің әзірлегенге ештеңе жете қоймас деп ойлаймын. Сондықтан барлығымызға адал ас ішіп, халал тағам жеуді Алла нәсіп етсін дейік!

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Бисмиллаһ» сөзінің қасиеті: Барлық жақсы, қайырлы істерді «Бисмиллаһпен» бастау керек. Үйге кірерде «Бисмиллаһ» айтылса, шайтан «Бұл үйге кіруіме мүмкіндік жоқ» деп бұрылып кетіп қалады. «Бисмиллаһпен» жеген тамақ берекелі болады. Демек, шайтаннан қорғану үшін тамақтануды «Бисмиллаһпен» бастау ләзім.



«БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ

ТАЛАПТАР КҮШЕЙТІЛДІ

Білімін жалғастырып, әрі қарай оқимын деген жастарға тағы да бір мүмкіндік ашылды. «Болашақ» бағдарламасы аясында құжат қабылдаудың екінші легі 2023 жылғы 3 сәуірде басталып, 28 сәуірге дейін жалғасатын болды. Конкурстық іріктеуге қатысуға өтінім мемлекеттік қызметтер порталы – eGov.kz арқылы онлайн қабылданады.

Сонымен қатар, жылдың соңына дейін «Болашақ» стипендиясына өтінімдерді қабылдаудың тағы екі легі – 5 маусым мен 7 шілде аралығында, сондай-ақ 17 шілде мен 15 қыркүйек аралығында өтеді.

Биыл «Болашақ» стипендиясы

үміткерлеріне қойылатын талаптар: енді үміткерлер шет тілін меңгергенін растауы тиіс. Ағылшын тілінде академиялық оқуға түсушілер нәтижесі кемінде 9.0-ден 6.0, тағылымдамадан өтушілер нәтижесі 9.0-ден 5.0 IELTS сертификатын ұсынуы керек. Сонымен қатар, жыл басында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында академиялық оқуға арналған квоталық санаттар тізімі кеңейтілді.

Оқуға түсушілерді қолдау үшін инженерлік-техникалық кадрлар мен медицина мамандары үшін жеңілдіктер енгізілді. Аталған өзгерістер арқасында қазақстандық дәрігерлер мен техникалық қызметкерлердің мерзімі 12 айға дейінгі тегін тілдік дайындықтан өтіп, «Болашақ» стипендиясы тағайындалғаннан кейін бағдарлама аясында білім алуға ұсынылатын университеттер тізімінен оқу орнын таңдауға мүмкіндігі бар. Жалпы алғанда, биыл магистратура және резидентура бағдарламаларына 395 стипендия, докторантураға 50 стипендия, тағылымдамадан өту үшін 110 стипендия бөлініп отыр.

СЫЙАҚЫ

ШӘКІРТАҚЫ ӨСЕТІН БОЛДЫ

Биыл 1 қыркүйектен бастап техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын студенттердің шәкіртақысы өсетін болады.



ТӘРБИЕ

ІЗГІЛІККЕ ШАҚЫРҒАН МЕРЕКЕ

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінің аумағында орналасқан №2 кәсіптік-техникалық мектебінде жазасын өтеп жатқан жасөспірімдер арасында «Мамандығым – мақтанышым» атты шеберлік сабағы өтті.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Аяғын жаза басып, сотталған балалар қазіргі күні осынау кәсіптік-техникалық мектеп ғимаратында «құрылыс ағаш ұстасы», «механикалық-құрастыру жұмыстарының слесары», «металл бойынша токар» топтарында оқып жүр. Сол балалар кешегі шеберлік сабағында көрген-түйгендері бойынша тапшан құрастырып, оны қалай жасағандары туралы жан-жақты түсіндіріп, көрсетіп, жұмыстарын қазылар алқасына ұсынды.

Иә, №11 түзеу мекемесінде тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдер уақытын босқа өткізбей, мұнда кәсіптік білім де алады. Олар жоғарыда аталған топтарда 6 ай оқып, әр бала 3 мамандық игеріп шығады.

Мектеп директоры Жасұлан Қасымовтың айтуынша, жазасын өтеп жатқан балалар бостандыққа шыққанда, осы білімімен жұмысқа тұра алатынына сенімді. Білікті ұстаздар берген білімнің кәдеге асатыны бізді де қуантады. Себебі, бостандығы шектеліп, қоғамнан сәл алыстап

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмысшы біліктіліктері бойынша оқитын студенттерге – 32 681 теңге. Техникалық және кәсіптік (орта буын мамандарын даярлауды көздейтін), орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алатын студенттердің мемлекеттік стипендиясы – 31 422 теңге.

«Қолжетімді және сапалы білім» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 87-тармағында «Студенттер стипендияларының мөлшерін 2 есеге ұлғайту» қарастырылған. Сондай-ақ, 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап стипендияны ұлғайту бойынша бюджет қаражатын республикалық бюджет комиссиясы қолдады.

Жалпы, стипендия мөлшерін ұлғайту ел жастары үшін техникалық және кәсіптік білім берудің тартымдылығын едәуір арттырады, колледж студенттерінің әлеуметтік жағдайын жақсартып және техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау сапасының артуына әсерін тигізеді. Дәл қазір жұмысшы біліктіліктері бойынша оқитын колледж студенттерінің шәкіртақысы – 21 787 теңге.

Ал орта буын мамандарын даярлайтын білім беру ұйымдарында оқитындардың мемлекеттік стипендиясы 20 948 теңге көлемінде.



қалған баланың әлеуметтік ортаға қайта бейімделуі қиындау тиюі мүмкін. Ал осынау кәсіптік білім олардың ел-жұртпен кірігіп, араласып кетуіне жол ашары сөзсіз.

Колониядағы балалар Ұлыстың ұлы күні – өз-Наурызды да тойлады. Оларға Алматы технология және флористика колледжінің студенттері арнайы қонаққа келіп, замандастарына ән-жырдан шашу шашты.

Бұл іс-шараның мақсаты – жасөспірімдер арасында салт-дәстүрді насихаттау, сонымен қатар жазасын өтеушілерді бір-бірін құрметтеуге, достыққа шақыру, әдептілік пен ізеттілікке тәрбиелеу.

Студенттердің домбырамен орындаған күйлері, әндері мен мың бұрала билеген билері көпшіліктің көңілінен шықты. Түзеу мекемесіндегі жастар да қарап қалмай, Наурыз туралы өлең шумақтарын оқып, әсем әндерін шырады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

Алматы қаласында математика пәнінен өткен «Жібек жолы» халықаралық олимпиадасына қатысқан оқушыларымыз жеңіске жетті.

«ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ»
ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының хабарлауынша, екі бірдей халықаралық білім сайысына Қазақстанның барлық өңірінен 157 оқушы қатысып, 57 жүлдегер анықталды. Аталмыш білім додасына Алматы қаласының атынан 11 оқушы қатысқан еді.

«Жібек жолы» олимпиадасына негізінен Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан елдер қатысады. Биылғы жылғы білім бәсекесіне Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Иран елдерінің дарынды балалары қатысып, сынға түсті. Олимпиада қорытындысы бойынша Алматы қаласының құрама командасы 4 медальға ие болды. Жеңімпаздар қатарында Санжар Байдәулетов – күміс медаль (Tamos Education физика-математика мектебі), Батырхан Сәкенов – күміс медаль (Hailebury мектебі), Омар Махмұт – қола медаль (Hailebury мектебі), Вадим Леонов – қола медаль (№90

мамандандырылған мектеп-лицейі) алды. Жалпы, халықаралық олимпиада қашықтықтан ұйымдастырылды. Қатысушы елдердің ұйымдастыру комитеттері тапсырмалардың шарттарын және бағалау критерийлерін халықаралық ұйымдастыру комитетінен алып, өз елдерінде олимпиадаларды бір уақытта дербес өткізді. Бұл формат көптеген оқушылардың халықаралық жарыстарға қатысып, өз білімдерін сынауына мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар, Азия-Тынық мұхиты халықаралық олимпиадасына да қашықтан Аргентина, Австралия, Канада, Гонконг, Индонезия, Жапония, Қазақстан, Корея, Малайзия, АҚШ, Түркия, Мексика секілді 38 ел қатысты. Қазақстандық оқушылар Үндістандағы бұл робототехника жарысында жоғары марапатқа ие болды.

ЖОБА

Биылғы оқу жылы тағы бір жаңалығымен есте қалғалы отыр. Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті орта білім беру ұйымдарына арналған мектепшілік есепке алуды жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымды әзірлеп, бекітті.

КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ
ЖАҢА ТӘСІМІ

Жаңа әдістемелік ерекше назар аударуды және білім беру ұйымдарының көмегін қажет ететін балаларды қамтиды. Сонымен қатар, мектепшілік есепке үлгерімі төмен, сабақтан жиі қалатын, мектеп Жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін бұзатын оқушылар алынатын болды. Бұған қоса, мектепшілік есеп ерекше педагогикалық назарды, кешенді қолдауды қажет ететін көмекке толмағандарды уақтылы анықтауға көмектеседі.

Дәл қазіргі таңда барлық мектептерде мектепшілік есеп жүргізу басталды. Енді мектепшілік есепте тұрған әрбір балаға қосымша сабақтар ұйымдастырып, баланың шығармашылық, спорттық әлеуетін ашуды, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді қамтитын жан-жақты көмек көрсетілетін болады. Оқушыларды есепке алу туралы шешімді білім беру ұйымының алдын алу кеңесі қабылдайтын болады.

Сондай-ақ, мектепшілік есепке алу білім беру ұйымында ғана жүзеге асады. Жаңа жобаның басты мақсаты – балаға жеке әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу болмақ.

ЖАҢАЛЫҚ

ЖАЛАҚЫ
МӨЛШЕРІ ӨСЕДІ

Еліміздегі мектеп мұғалімдерінің жалақысы кезең-кезеңмен өсті. Осылайша биылғы жылы мұғалімдердің айлығын арттыру шарасы толығымен аяқталып отыр. Ендігі кезекте мектеп басшылығындағы лауазым иелерінің айлығы өсетін болады. Бұл ретте Оқу ағарту министрі жағымды жаңалығымен бөлісті.

– Мемлекет басшысының 2019 жылы берген тапсырмасы бойынша, 2020 жылдан бастап мұғалімдердің айлығы жыл сайын 25 пайыз көтеріліп отырды. Биыл тағы 25 пайыз артып, екі есе көтеру толығымен аяқталды. Ендігі жерде мектеп басшыларының айлығын да көтеруге мән беруіміз керек. Бұл бағытта да Оқу-ағарту министрлігі біршама жұмыс атқарып жатыр. Міндетті түрде мектеп басшыларының айлығын көтеретін боламыз. Біз осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз, – деді Ғани Бейсембаев.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ



ЖЫРМЕН ШАШУ ШАШЫЛДЫ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Наурыз мейрамы аясында елімізде тұңғыш рет халықаралық жыршы-термешілер фестивалі өтті. Фестивальге Қазақстан, Өзбекстан және Қырғыз елінен жыршы-жыраулар қатысты. Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі хабарлады.

Алғашқы жыршы-термешілер фестиваліне қатысқан тұлғалар қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері: Алмас Алматов, Айгүл Қосанова, Елмұра Жаңабегенова, мәдениет қайраткері Ерболат Шалдыбеков, мәдениет саласының үздіктері: Елікбай Иса, Фархат Оразов, Қайрат Кәкімов, халық жыршысы Жәнібек Пиязов, Тоғаев Бахшикул (Өзбекстан Республикасы), Қырғызстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Дөөлөтбек Сыдыков және тағы да басқа өнер майталмандары болды. Олар танымал жыр, терме, толғау, дастандарды орындады.

«Жыраулық, жыршылық өнер – халқымыздың мыңжылдық мәдени мұрасы. Фестивальді ұйымдастырудағы басты мақсат – атадан балаға мирас болып жеткен ұлттық өнерді дәріптеу, бауырлас түркі халықтарымен мәдени ынтымақтастықты нығайту болып табылады. Мәдениет және спорт министрлігі жастарды жыраулық өнерге баулып, онымен ғылыми тұрғыда айналысуы үшін барлық мүмкіндіктерді жасайтын болады», – деді ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ

Адам жанына ізгілік нұрын себетін, асыл құндылықтарды насихаттаушы, көрермен көңілін шартарапқа самғатып, ертегілер еліне еріксіз жетелейтін өнер ордаларының бірі – Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры. Ғасырға жуық уақыттан бері бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің көңілінен шыққан өнер ордасына айналды. Сондай-ақ, көрерменнің толассыз қошеметі мен көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп келеді.

ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНЕ САПАР



Бүгінде театр ұжымы танымы бөлек, мағынасы терең, мәдениет пен қоғам үшін берері мол алаңға айналды. Жаңа форматтағы, тың идеяларға толы іс-шараларды өткізуді кеңінен қолға алып, бірқатар игі жұмыстарды абыроймен атқаруда. 21 наурыз – Халықаралық қуыршақ театрлары күні қарсаңында өнер ордасында мерекелік кеш өтті.

«Қуыршақтардың түр-түрі бар. Оларды қолға киіп, қол арқылы ойнату керек. Театр қуыршақтарының әрқайсысы әртүрлі технологиямен жасалады. Саусаққа арналған шағын қуыршақтан бастап, қолға кигізілетін, жіп арқылы басқарылатын түрлерін көрермен жақсы біледі. Сахнадағы танымал ертегі кейіпкерлері театр шеберлерінің қолынан

шыққан. Осы шеберханада қарапайым заттардан бастап керемет өнер туындылары жасалады», – дейді актриса Еркеш Жүнісова.

Алматы қаласының 88 жылдық тарихы бар Мемлекеттік қуыршақ театры – еліміздегі ең ірі өнер ұжымдарының бірі. Театр ұжымы бүгінде талантты артистер мен қуыршақ шеберлерінің, режиссерлердің, суретшілердің бірнеше ұрпағын тәрбиелеп шығарды. Елімізде және шетелде өткен Халықаралық, республикалық театр фестивальдерінде биік белестерді бағындырған ұжымның алға қойған бағыты мен бағдары да айқын. Ол – қазақтың қуыршақ театры өнерін өркендету, кешегі мен бүгінгі өмір арасын өнердің биік шыңы арқылы шынайы көрсете білу.

Бүгінде мемлекеттік қуыршақ театрының қойылымдарына арналған 500-ден аса қуыршақ бар екен. Театр сахнасында жыл сайын 5 жаңа спектакльдің тұсауы кесіледі. Яғни репертуар толығып, жаңа кейіпкерлердің саны көбейіп отырады.

Сикырлы қуыршақ өнерін танытып, ұмытылмас әсер сыйлаған шарада кәсіби шығармашылық өзара байланыс орнап, салмақты жоспарлар бағыты айқындалды.

Театр рухани асыл құндылықтарды дәріптеп жүрген ертегілер елі болып қалары сөзсіз.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

АУЫЛ НАУРЫЗЫ

Біздің ауыл қарапайым қазақы орта еді. Өзімен-өзі жатқан ел. Жағрафиясы Сыр өзені мен Қаратау аралығында. Көктем ерте шығады. Оңтүстіктің күні ерте жылынады. Қытымыр қысынан шуақты күндері көп. Сондықтан болар, көктем ерте шығады. Ауылымызда 4 көше бар. Бір көшеде 40–50 үй бар шығар. Соның өзінде мерекені екіге бөліп өткізеді. Тойлатуды 13 наурыздан бастайды. Үлкен кісілер Самарқанның көк тасы жібі бастайтын кез деп есеп қылады.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бала күнімізден наурыз көжені ішіп өстік. Наурыз көже беретін үйде кішігірім той. Ата-әжелер жиналады. Ерлер жағы қазан-ошаққа отын әзірлейді. Мал сояды. Әйел азаматшалар дастарханның көркін келтіреді. Үйдің іші-сыртын бала-шағамен бірлесіп тазартады. Кімнің жанұясында үлкен қазан болса, соны наурыз жиынын жасайтын кісінің шаңырағына әкеледі. Көрші-қолаң бір шелек наурызды алдын ала пісіріп, әкеліп, әлгі қазанға біріктіреді. Оны дәу шөмішпен араластырады. Ал сол наурыз көженің құрамында жеті түрлі тағам түгілі, жетпіс жеті тағам араласады. Кейбір үлкен апалар үйінен ет асып әкеп қосады. Қазы, құрт, айран, сүрленген ет, күріш және т.б. алып келеді. Наурыз көже ішуге бәрі қатысады. Ешкімге шектеу жоқ. Бүкіл тұрғындардың ішуіне рұқсат. Шектеу болмайды. Соңында дүниеден өткен-кеткен әруақтарға бата-тілек жасалады. Жаңа келіп жеткен жылға саламат айтылады. Өзінше бір қызықты кез болатын.

Көнені көрген ақсақалдар төрде, одан кейін ақ орамалды, қазақы камзолын киген апалар отыратын. Келіндер, жастар жағы қызметте. Бала-шаға үлкен кісілерді торуылдап шықпайтын. Тәтті-дәмдіні жеу үшін ата-әжелерді маңайлайтын. Қатын күрес, аударыспақ, қазақша күрес, асық ойындары ұйымдастырылатын. Кейде тағылымдық өнегесі бар театрландырылған көрініс қойылатын. Оны ойнайтын

ауыл адамдары-тұғын. Ең үлкен наурыз тойы 22 наурызда «Мәдениет үйінде», кейбір кездері «Орталық алаңда» өтетін. Оған баршасы атсалысатын. Үлкен наурыз болғанда футбол, волейбол, баскетбол жарысы, арқан тартыс болады, осы күні ауқаттылар көкпар беріп жүр екен. Бұл да заманның келбеті шығар. Әйтеуір осы бір көріністердің ішінде ержеттік. Бүгінде қалада өмір сүрудеміз. Кейде қарбалас тірлік қысқанда ауылдың осындай ғажайып сәттерін аңсаймыз. Іштей іздейміз. Жиі бара беруге уақыт тапшы. Не десек те, бала күнгі наурыз көженің дәмі әлі есімізде. Қаншама ортадан түрлі тағам жесек те, небір концерт тамашаласақ та, сол кездер ойдан шықпайды.

Әлгібір белгілі әнде «ауылдан адам көшсе де, адамнан ауыл көшпейді» деп текке айтпапты. Осы бір шөкімдей ой, көңілде үнемі сайрап тұрады.

Қайран күндер!..



КӨРМЕ

КАРИКАТУРА МЕН ШАРЖ ҮНДЕСКЕН

Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Ибрагим Кубековтың жеке көрмесі ашылды. Суретші қазақстандық көрерменге карикатура мен шарждың суретшісі ретінде танымал.

Оның жұмысында өмірден алынған және суретшінің шығармашылық қиялымен әсерленген әзіл-сықақ сюжеттер орын алған. Бұл көрмеде суретші шығармашылығының жаңа қыры ұсынады. «Шығармаларын қарап отырып сезімтал қылқаламы, ерекше палитрасы бар тұлғасын көреміз. Оның көзге көрінбес қимылды, қозғалысты, сәл тебіреністі бейнелейтін суретші деп айта аламын. Оның әрбір шығармасында адамның жеке тұлғасы, жан дүниесі, дүниетанымы сомдалады. Егер бұл көркем шығармалардың шоғырландырылған жиынтығы болса, онда бұл жұмыстар тұтас бір ұрпақтың өмірін бейнелейді», – деп атап өтті журналист Галина Галкина.

Экспозицияда суретші шығармашылығының әртүрлі кезеңдерінде орындалған 70-тен астам туынды ұсынылған. Олар төрт топтамадан құралған: «Прото», «Нью», «Шарик» «Табаға арналған ода».

«Прото» топтамасы мәнерлі шыққан. Туындыны қиялымен ұштастырып, тарихқа өзіндік көзқараспен қараған. «Бір күні отырдым да, ештеңеге байланбай, штрихпен түркілердің портреттерін салдым», – дейді суретші.

Ибрагим Кубеков түрлі-түсті полифонияға ұмтылмай, көбінесе екі түсті – охра мен кара түстерді қолдана отырып, реңінің градациясын, пішіндердің ырғақты қимылын бейнелеген. «Суретші суреттің ұсақ бөліктеріне ерекше назар аударады. Ол бақылаушы сияқты әрбір кейіпкердің мінезін шебер дамыта отырып, кейіпкерлердің табиғи



болмысын дәл суреттейді», – дейді өнертанушы Наталия Баженова.

Ибрагим Кубеков түрлі эскиздер жасайды. Ол сүйікті модельдерін – әйелдерді, иттерді, балаларды бейнелей отырып, қылқаламды, қаламды, қарындашты жақсы меңгерген. «Иттермен бейнеленген суреттерде ерекше оқиға бейнеленген. Ол бұл суретті дарынды шығармалардың қатарына қосты. Бұл жұмыс суретшінің немересіне арналған, ол қыздың түсіндегі қимылын шеберлікпен бейнелеген», – дейді өнертанушы Баян Барманқұлова.

Ибрагим Кубеков – бүкілодақтық және халықаралық карикатура байқауларының қатысушысы және жүлдегері. Ол өзінің карикатуралар салынған екі альбомын жарыққа шығарды.

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



МӘСЕЛЕ

БОКСШЫ ОҚЫСТАН ТУМАЙДЫ

Ол мінез бен қайратты қажет ететін айрықша спорт түрі

Соңғы кездері боксты жұрт көп сынап бастады. Мұның себебі де жоқ емес. Соңғы Олимпиада, сондай-ақ түрлі жарыстарда аса бір сұлатып салып жатқандарды байқай қоймадық. Соған қарамастан, біздің батырлар өздерінің шеберліктерін шыңдауды тоқтатпады. Әрдайым жаттығып, машыға түсті.

Қазақ жанкүйерлерінің делебесі қозатын, ерекше ынта қойып көретін спортшылары жетерлік. Еліміздің атын әлемдік деңгейге шығарған спортшыларды әрдайым ұмытпаймыз. Соның бірегейі — Бекзат Саттарханов, Қанат Ислам, Бахтияр Артаев, Серік Сәпиев және т.б. еді. Оғландарымыздың арқасында Вел Баркер кубогы бірнеше мәрте еліміздің еншісіне тиді. Бұл — зор абырой мен мақтаныш.

ЖАҒДАЙ КЕРЕК

Спорт үнемі қолдауды қажет етеді. Құдды бір мәпелеп өсіретін жас шыбық сияқты. Қалай қарай ие бастайсыз, сол тарапқа қисаяды.

Басқа спортты айтпағанда, бокстан қателесуге болмайды. Қажыр-қайратты қажет еткендіктен, бұдан кенде болу ұят. Алайда, «құрғақ қасық ауыз жыртады» деген сөз кездеседі. Құр мадақтау айту ыңғайсыз. Сондықтан төрткүл дүние көз тіккен Жапониядағы төртжылдықтың басты бәсекесінде алтын түгілі, күміске қол жетпеді. Әрең дегенде қола алып үлгерді. Көрші өзбек боксшылары атой салды. Өзбекстандық Баходир Жалолов Токиода алтын алды. Ауыр салмақта өнер көрсетсе де, өз елінің намысын қолдан бермеді. Осыны көріп, «біздікілер қайда қалды?» деп қарнымыз ашты. Осы бір мәселеге тереңірек үңіліп көрелік.

Қазақтың айбынды, мықты, рухты жігіттері көбіне өңірлерден өсіп жетіледі. Әсіресе, қазақылық басым аймақтарда небір «сен тұр, мен атайын» дейтін сайдың тасындай нағыз ер-жігіттеріміз бар. Қаймағы бұзылмаған қазақы ортада өскен бала алғыр, үлкен-кішінің орынын білетін болып өсері анық. Ал мұндай игі қасиет боксшыға қажет-ақ. Ол жағы жасырын емес.

Осыған дейін көптеген спортшылармен тілдестік. Олардың базынасын мәселе етіп ортаға шама-шарқымыз келгенше салдық та. Бапкерлерді де сөзге тарттық. Сондағы негізгі бір сауалдың мардымды жауабы жоқ. Яғни ауыл жасөспірімдерін спортқа баулуға жағдай жасалмапты. Олар алыс бір қиырда тұрса, ол бала Алматыға немесе Астанадағы бокс мектептеріне келіп қатысуға мұршасы болмайды екен. Мегаполистерге қатынап жаттығар болса, тұратын орын, жатақхана, ас-ауқаты, үйірге қатысатын қаражаты ата-анасының қалтасына ауырлық ете түседі. Ауылдық жерде бірді екіге әрең жалғап, күн көрістің қамымен жүргендер қайдан баласына мұнша ақша тауып бере қойсын! Бұл да өзекті түйткіл болып тұр.


ЧЕМПИОНДАР – АУЫЛДА!

Ұдайы жеңімпаздар шыққанын қалаймыз. Сол үшін барымызды саламыз. Кейде талап қойып жатамыз. Бірақ ойлағанымызға жетпей, жарты жолда қаламыз. Осыған түбегейлі кірісіп, шешу жолдарын қарастыру қажет.

Әлем бізді бокс өнері арқылы таниды. Куба, Мексика, Америка Құрама Штаттары мен Қазақ елін тең дәрежеде көреді. Өйткені, бұған дейінгі жетістіктеріміз сол деңгейге көтеріп тастады. Соның арқасында мерейіміз дүбірлі додаларда үстем болып келеді. Осы биікті ұстап тұру әрі дамыту бірінен аса маңызды.

Өлгінде ауыл әңгімесін текке

Дүниежүзілік спорт аренасында бокс сүйікті саналады. Расында, жұдырықтасу өнерінің орны бөлек. Дүниеде қазақ боксшыларының бәсі жоғары. Тіпті, өзіндік дара жолын салып үлгерген.



Біз армандаған чемпионның шығуы тағы бірқанша уақытқа кешеуілдейді.

Біздіңше бапкердің тұрмысын түзеген жөн. Оған ауылдық жерде де қолайлы жағдай жасаған абзал. Себебі, жұрттың барлығы қалаға келіп жаттыға алмайды. Зәулім де әсем спорт кешені болса, оған кәнігі жаттықтырушы иелік етіп, балаларды жарысқа дайындаса, нұр үстіне нұр. Өз кезеңінде осындай сауапты тірлікті Мәскеу Олимпиадасының чемпионы әрі атымтай жомарт Жақсылық Үшкемпіров ағамыз жасаған еді. Кәсіпкер Бауыржан Оспанов ағамыздың спортшыларға үй-жай, көлік сыйлап жүргендігінен және өз ауылында осы аталған керемет шаруаны жасағандығынан хабардармыз. Алайда, «Жалғыз ағаш орман емес». Ел арасында ауқатты жандар жетерлік. Қалталы бай-манаптар елге қайырымды іс қылса дейміз. Спорт кешендерін тұрғызса, өз саласының шыңына жеткен бапкерлерді ауылға тартса, олардың әлеуметтік мәселесін шешсе, ауыл балаларын спортқа көбірек баулыса, сонда ғана Олимпиада, Азия біріншіліктерінің алдын бермейтін нағыз боксшы ұлдарымыз қалыптасары айқын.

БОС БЕЛБЕУ БОЛМАЙЫҚ

Заманауи қазақ спорты дегенде бокс ойға оралады. Сондықтан аузын айға білеген алпауыттар арасында еңсеміз түспеуі керек. Бір жағынан әрбір қазақтың баласы қуатты, жігерлі, ең бастысы рухты болса екен.

Қазіргі таңда бала біткеннің бәрі үйден тысқа шығуды қойды. Таңнан кешке дейін телефонға телміріп жататынды шығарды. Айналадағы достарымен ойнамайды. Оған тек виртуалды әлем қызық. Басқасы көк тиын. Мұны педагог-психологтар жиі айтып жүр.

XXI ғасыр ғылым мен технологияның дәуірі. Компьютерсіз күн жоқ. Әлеуметтік желісіз әлеует оңалмайтын шаққа жеттік. Үлкендер өз қажетіне жаратады. Дейтұрғанмен, баланы спортқа берейік. Қаракөздеріміз бокс, күрес сынды күш-қуатты арттыратын спортқа бейім болса дейміз. Мектеп жасынан бастап спортты жанына серік етсе, үлкендер кезде нағыз жігітке айналады. Кейде көшеде ілмуген, аяғы-аяғына соқтығысқан, нәзік болып кетіп бара жатқан баланы көресіз. Қараудың өзі оғаш. Онда ерге тән мінез болмайды. Ондайлар қайдан елдің ертеңі болып жарытсын. Әлбетте ондайлардан Отан қорғайтын ер туа қоймайды-ау. Осы Қап тауының ішінде шөкімдей ғана халық тұрады. Бірақ бәрі шетінен спортшы. Әрбір махалледе жағдай бар деседі. Иықты, бұлшық етті, өздерін рухты екендіктерін танытып қояды. Барша жарыстың алдын бермейді. Оларға қызығып та, қызғана да қараймыз. Парадокс?!

Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынов «Баланы ұлша тәрбиелесең — ұл, құлша тәрбиелесең — құл болады» депті. Осыдан артық ұлағатты сөз таба қоймаспыз. Қоғамның іргетасы қазақы рухтағы ер-азаматтар екенін әсте ұмытпайық.

● ТҮЙІН:

Бокс — табандылықты талап етеді. Бұған анау-мынау адам бара қоймайды. Әгәрәки, белсеніп кіріссе, түптің-түбінде өз жемісін береді. Жоғарыда аталған ойлардан мардымды тұжырым шығады деп білеміз.

СЕМСЕРЛЕСУ

ТІЗІМ
АНЫҚ

Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласындағы жарыста сапымен семсерлесуден әлем кубогының кезеңін өткізеді. Бұған дүниенің әр өлкесінен кіл мықтылар қатысуда.

Қазақстан командасын ірі турнирде бес спортшы ұсынады. Жерлестеріміз ел намысын қорғап, алтынды еншілейді деген үміт басым. Ең бастысы, жұрт күткен үдеден шыға білсе деген игі ниетіміз бар.

Медальдар үшін Эльмир Алимжанов, Дмитрий Алексанин, Руслан Курбанов, Вадим Шарлаимов және Ерлік Сертай таласады.

Айта кетейік, аталмыш сайыс 24–26 наурыз аралығында өтеді. Отандастарымыз елге қомақты жұлде алып келе бергей демекпіз.

БОКС

ЖҮЛДЕ –
ҚОЛДА

Үндістан астанасы Нью-Делиде әйелдер арасындағы бокстан әлем чемпионаты аясында жартылай финалдық жекпе-жек өтті.



Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегінше, 1/2 финалдың қорытындысы бойынша екі қазақстандық финалға жолдама алды. Алтын медальдар үшін Карина Ибрагимова (57 келіге дейін) және Ләззат Күнгейбаева (81 келіден астам) жарысады.

Алуа Балкибекова (48 келіге дейін), Надежда Рябец (66 келіге дейін), Валентина Хальзова (75 келіге дейін) және Фариза Шолтай (81 келіге дейін) турнирді «қоламен» аяқтады.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БАСПАНА ДЕГЕН – ЗОР БАҚЫТ!

Адамның арманы бітпейді. Қала тіршілігінде жүргендердің басты арманы – үйлі болу. Осыған қолы жетсе, жер-жаһандағы ең үлкен қуанышқа кенелген жан саналады.

Біз нарықтық экономика жағдайында өмір сүрудеміз. Бәсекелестік өте қатты жүруде. Коммерциялық банктер дәурені жүріп тұр. Несиелік тәуекелден аттап өте алмаймыз. Кейде тереңірек құлдилап кетеміз. Жолын тауып, одан да шығып жатамыз. Сәл нәрседен қаржы құрағымыз келеді.

Өйткені, өзіміз секілді ұрпағымыз сыртта кезбе болып сандалмаса дейміз. Сол үшін кез келген еңбекті арланбай қыламыз. Бірді ескіге жалғап күн кешудеміз. Мақсатты қимылдасақ, баспаналы болуға болатынын көріп-біліп жүрміз. Бұл қазіргі капиталистік елдерге тән үрдіс.

ШУАҚТЫ КҮНДЕР

Ауыл баласының арманы – алып шаһар. Біз де өсем-өнем деген ниетпен ару Алматыға аттандық. Бұрын келіп көрмеген жерге табан тіредік. Сонда нағашымның бір айтқаны есте қалыпты. Дәлірек, «жұмысым болмаса да, үйім болса екен деп армандайтынмын» деген болатын. Дәл сол ниетіне осыдан тоғыз жыл бұрын жетті. Қазіргі таңда ойлағанын жүзеге асырды. Шағын кәсібін аяққа тұрғызды. Сонда неге айтты деп ойлаушы едім. Шынын айтсам, қатты мән бермедім. Шамамен шалғайдағы Шамалған ауылынан маған қалаға қатынау ұзақтық етті. Күніне 2,5 сағат кептеліспен жолға кетті. Қала орталығына келіп кету оңайға соқпады.

Ақыр соңында орталыққа пәтерге көшуге тура келеді. Ішкі ойым төрт баласы бар бір қоралы жанұяға масыл болуды қаламадық. 1 айға туыстың үйінде аялдадық. Одан кейін өз бетімізбен жалдамалы пәтерді жағалап келеміз. Соңғы жылдары табаны күректей 5 жылға жуық хостол өмірін көрдік. Мұнда әркім өз-өзімен. Біреу келеді, екінші кетеді. Жыл сайын бағасы қымбаттайды. Неге олай десем, есік әне, кете бер дейді. Сондықтан «шықпа жаным, шықпамен» күн көріп келдік. Балкім, мұны да көру керек болып тұрған шығармыз. Кім білсін?!

Бірде әбден қажыдық. Қысылтаяннан жол іздедік. Бағыт – «Отбасы банк». Ойда сан түрлі сауал. Көбісінің жауабы күмәнді. Баяғы нағашымның айтқаны ұдайы ойда тұрады. Оны тәжірибеде әбден өткізген едік. Әрине, шарасыздан. Сөйтіп, күйініп жүріп талон алдым. Баяғы депозит ашқан менеджерге тағы бардым. Кіжініп халімді айттым. Жинаған депозит небәрі 1 жылдан асқандығын, ішінде 1,5 миллион теңге бар

екендігін жайып салдым. Жасы келген үлкендеу апай екен, үйлі болудың жолын айтты. Өткен жылдардан бастап 30/70 бағдарламасы іске асыпты.

Байқасам, ыңғай соған келіп тұр. Әлгі менеджер нұсқаған үйдің алғашқы жарнасын 1 аптада таба алмадым. Сөйтіп, одан қол үздік. Іздеп, жер-жерді шарлап, біледі-ау дегендерден ақыл-кеңес сұрадық. Әзер дегенде 2 бөлмелі 72 шаршы метр тұрғын үйді жуықтап алғанда 28 миллион теңгеге ипотекаға ресімдедік. Оның өзінің құжатына 6-7 ай уақыт кетті. Көрген таныстар күнде сұрайды. Сол баяғы жауап «бұйырса, болып қалар» деп қайталаймыз. Табыс аздық қылды. Кепіл болатын адам іздеп шарладық. Ауылдағы әкемінің әпкесі мұғалім-тұғын. Бас қатырып жүргенде, әпкем еске сарт ете түсті.

Дереу қонырау шалдым. Келісімін берді. Туған бауыры үшін рұқсатын бергенін түсінемін. Мың рақмет! Сөйтіп жүріп жақында кілтін иелендік. Әріптестеріме сүйіншіледім. Бәрі қуанды. Үлкен кісілер «бір қазақтың баласы үйлі болғаны зор бақыт» десті. Арасында жақын жандар көрімдігін берді. Біз жөндеу жұмыстарын бастап кеттік. Аманшылық болса, наурыз айының соңына дейін кіріп қалармыз.

Халқымыздың дүниетанымы данышпандыққа толы екен. Яғни «сананы тұрмыс билейді» дейтін аталы сөз кездеседі. Осындай жағдай басынан өткен әрбір кісіге мұның астары айтпаса да түсінікті. Адам талпыну керек екен. Сонда шуақты күндерге талмай жетеміз. Ішкі рух пен қайрат қайнап тұрса, алынбайтын асу болмайтынына көз жетті. Жаратқаннан адам баласына берген әрбір күні шуақты әрі мейірімге толы екеніне сенеміз.



ЫНТАЛЫ ЖАН

Қоғам – әртүрлі. Соның ішінде ынталы жандарды көп байқаймыз. Өсіресе, жастар. Қалаға келіп студент кезінен тынбайтындар туралы жиі ой қозғаймыз. Өйткені, олар өзінен басқа өзгеге иек артпайды. Бәріне де диттегенге жету аса маңызды.

Хостол – түрлі тағдырдың тоғысқан жері. Аяқты аңдап басып, шалыс қадам жасамауға тырысамыз. Үйреншікті, қолайлы орынды суытқымыз келмейді. Осындай жағдайда тұрса да, көп жастар еңбекқор. Талмай тірлік қылады. Оқуымен қатар түрлі жұмыстар да істейді. Тамақ, киім жеткізуші болады. Курьер қызметінің барлық саласында жасайды. Даяшы болады. Көлік жуады. Құрылыста істейді. Сервистік қызметтерді атқарады. Сатушы болады. Аула сыпырып та, арба сүйреп жүргендер де жетерлік. Ауыл баласын қалада ешкім басынан сипамайды. Соны біліп қимылдайды. Жатпай-тұрмай еңбектенгеннен айналасың ғой.

Хостолда бір бөлмеде тұратын жігітпен көптен таныспын. Өзі Көкшетау өңірінің қазағы. Қазақшасы Алматыға келіп жетіліпті. Өзі тыныш, ұзын бойлы, ақ-сары келген. Біреумен артық сөзі, ісі жоқ. Өз шаруасын біледі. Биыл электр энергетикасы саласын тәмамдайды. Бір үйдің жалғыз ұлы. Бір күні қуанып, үй алғалы жатқанымды айттым. Кешқұрым дүкеннен қайтіп келе жатып біршама сыр шертістік. Бір-бірімізге смартфондағы қосымшадан депозит деректерін көрсеттік. Ол менің жағдайымнан хабардар болатын. Алайда, оның қаржы жинап жүргенін білмеппін.

Сөйтсем, оқуына барып, күндіз-түні даяшы болып жүретіні бекер емес екен. 2 жылдан бері 2,5 миллионға жуық ақша жинапты. Соны көріп, таңдандым. Әншейінде сыр алдырмайтын әлгі жігіт маған қарап жымың-жымың етеді. Сөйтті де, «Олжеке, мына заманда ешкім құр жүрмейді» дегенде таңқалдым.

БОЛАШАҚ – БІЗДЕ!

Өмірге құштарлық ең тәтті сезім. Осы қасиет болса, келеңсіздікті еңсереміз. Қай жаспен сөйлессең де, жақсы өмірді қалайды. Ең негізгісі, баспананы көксейді. Соған жетуге барын салады. Кейбіреулер жастық ғұмырын соған арнайды. 20 жасында ипотека ресімдейді. 40 жасында төлеп бітеді. Оған дейін баласы үйленетін жасқа жетеді. Ары қарайғы ғұмырда және бір үй алу оның балаларына қалады. Дәп ата-анасының жолын қайталап балалар да осылайша өтеді екен.

Біздің әке-шешелеріміз егемендіктің елең-алаң шағында отау құрды. Үй тұрмақ,


тамақ табудың өзі азап болды. Соған қарамастан, өсіріп бақты. Ел қатарына қосты. Ол кісілерге бәлен-түген деп ренжудің қажеті жоқ. Соны түсіндік.

Болашақ біздің қолда. Цифрлық заманда қағазбастылықты тыйған жөн. Әлгіндей соқпақтан өткендер ертеңгі күні құзырлы мекеменің, кәсіптің тұтқасын ұстайтыны анық. Сондықтан қажетсіз құжаттық кедергіні тежеген дұрыс. Өйткені, қазіргі таңда бәрі базада тұр. Жас отбасылар, көпбалалы аналарға пәтер берудің тиімді жолдарын табайық. Ең бастысы, ел азаматтары өз елінде бақытты ғұмыр кешуі керек дегіміз келеді.

P.S.

Қазақ елінде баспана жағдайы біртіндеп шешілуде. Дейтұрғанмен, әрбір азамат осының тезірек шешімін табуға атсалысуы қажет. Себебі, халық саны артып барады. Туу көрсеткіші жоғарылаған сайын, баспанамен қамту жайын жақсарту берген абзал. Әрбір отбасының өзінің шаңырағы болса, нағыз бақыт сол деп айтамыз.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Алматыда 3 күн бойы дүркіреп той тойланып, әртүрлі ән-шашулар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Наурызды жалпыхалықтық мерекелеу аясында «Астана» алаңындағы мерекелік іс-шаралар бағдарламасын 21 наурызда «Наурыз думан» концерті ашты. Көрермендерге Наурыз мерекесі қарсаңында көрермендерді ауылға апаратын Қазақстанның отбасылық және халықтық дәстүрлері туралы театрландырылған музыкалық баяндау ұсынылды.

Мерекелік іс-шараға қала әкімі Ерболат Досаев, Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов, Қазақстанның Еңбек Ері, жазушы Дулат Исабеков, Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі қамқоршылық кеңесінің мүшесі Асылы Осман, қаланың қоғамдық кеңесінің басшылығы, діни қызметкерлер, басқа да қоғам және саяси қайраткерлер, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Концерттік бағдарламаны «Сенім» балалар ансамблі, Макпал Жүнісова, Қайрат Нұртас, Төреғали Төреәлі, «Дос-Мұқасан», «Ringo», «Жігіттер», «Алашұлы» топтары және т.б. жалғастырды. Сондай-ақ, бұл күні сахнада «Салтанат», «Жорға», «Сармат», «Асылым» сияқты би ұжымдары мен «Blockbuster» шоу-балеті өнер көрсетті. Наурыз мерекесімен тойлауға ТМД елдерінің әртістері қатысты, оның ішінде: Turkvizon-2015 халықаралық музыкалық байқауының жеңімпазы, қырғыз әншісі Жидеш Идирисова, Өзбекстанның танымал әртісі – Rayhon және «Sabo» би ұжымы, «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі және сондай-ақ Ғалым Оспанов пен Айнұр Ахметжанованың фольклорлық этнографиялық ұжымы болды.

Сондай-ақ, «Наурыз шеруі» атымен Алматының орталық көшелерінде эпостар, аңыздар мен ертегілердің кейіпкерлері жүріп өтті. Мерекелік шеруге барлығы 500 адам қатысты, олардың арасында Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, мемлекеттік цирк әртістері, театр актерлері, би ұжымдары болды.

Күн мен түн теңелетін 22 наурыз күні «Астана» алаңында қазақ эстрадасының жұлдыздарының қатысуымен Zhyldyzy Almaty мерекелік кеші өтті. Жиналған қауым алдында Нұржан Керманбаев, «Жігіттер» квартеті, «Assyl» тобы және өзге жас орындаушылар өнер көрсетті.

Сонымен қатар, 3 күн бойы Панфилов пен Жібек жолы жаяу жүргіншілер көшелерінде «Наурыз Fest» фестивалі өтті. Іс-шара аясында суретшілер мен қолөнершілердің 50-ден астам көрмелері мен жәрмеңкелері қойылды. Өнер туындыларын көруге келген адамдар кілем тоқу, жібек және керамика кескіндеме, асыл тастарды кесу, былғары, ағаш, шыны және



ӘР КҮН ШАТТЫҚ ПЕН ҚУАНЫШҚА ТОЛДЫ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

би флешмобы, эстрада жұлдыздарының қатысуымен жанды ән кештері және бағалы сыйлықтар берілген ұтыс ойындары ұйымдастырылды. Жас жеткіншектер мен балалар үшін Панфилов көшесіндегі балалар алаңында аниматорлар, цирк әртістері, қуыршақ театры, «Мұрат Мұтұрғанов» шоуы, халық ертегілерінен шыққан Ростов қуыршақ кейіпкерлерінің қойылымдары болды. Оған қоса, мұнда ойын фигуралары орнатылып, танымдық бағдарламалар, отбасылық және балалар ойын-эстафеталары өткізілді.

Қаланың мерекелік бағдарламасы аясында Панфилов көшесінен Назарбаев даңғылына дейін Төле би көшесінің бойында «Асық ату», «Жамбы ату», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Қазақша күрес», «Көкпар тарту», «Тоғызқұмалақ» сынды ұлттық ойындар өткізілетін спорт аймағы құрылды.

Ал «Алатау» дәстүрлі өнер театрының аумағында 23 наурызға дейін әртістердің өнер көрсетуі үшін сахнасы бар этно-қалашық ашылды. Онда қолөнершілердің көрмелері, картиналар, шеберлік сыныптары, флешмобтар, қуыршақ шеруі, спорттық жарыстар өтті.

сазбен жұмыс істеу технологияларымен танысуға мүмкіндік алды. Жалпы, мере-

келік шара аясында аниматорлардың қойылымдары, көпшілікке арналған караоке,





ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

ДИМАШ ӨНЕР КӨРСЕТТІ

«Қазақ халқына, Димашқа жасаған құрметім» дейді швейцариялық көрермен

Наурыз мерекесіне орай, нарыққа OPPO-ның жаңа флагмасы – «OPPO Reno8 T Series» смартфонның таныстырылымы өтті. Аталмыш іс-шараны OPPO компаниясының Қазақстандағы ресми дистрибьюторы Freedom Mobile ұйымдастырды. Іс-шараға «Ұлытау» аспапты этно-рок стиліндегі музыкалық топ пен әлемге танымал эстрада әншісі Димаш Құдайберген қатысты.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Мен Швейцариядан Алматыда тойла-
нып жатқан мерекеге арнайы келдім. Ма-
ған қазақ жері қатты ұнайды. Қалада үш
күн қатарынан концерттік іс-шаралар
ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Димаш Құ-
дайбергеннің өнеріне ерекше тамсанамын.
Оның Дубайда, Алматыда, Қытайда өткен
барлық концертінен қалмай барамын. Ди-
маштың «OPPO Reno8 T Series» смартфо-
нының бас амбассадоры екенін естігенде,
бұл кештен де шет қалмау керектігін ұғын-
дым. Үстіме ұлттық стильдегі бешпет
киіп, оюмен өрнектелген бұйымдарын та-
ғып алдым. Бұл да қазақ халқына, Димаш-
қа жасаған құрметім деп білемін. Өнерлі,
талантты жастардың ордасына айналған
қазақ жұртына қызыға да, қызғана да қа-
раймын», – дейді швейцариялық көрермен.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мерекелік кеште құрметті қонақтарға ар-
налған ойындар ұйымдастырылды. Димаш
Құдайбергеннің тыңдармандары көкейде
жүрген сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды.
Кеш соңында қонақтардың кетпеуін өтінген
Димаш барлығымен суретке түсті. Кеш қонақ-
тарын көктемнің шуақты Наурыз мейрамы-
мен Димаш Құдайбергеннің өзі құттықтады.
«Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар бол-
мысымызды айшықтайтын қасиетті Нау-

рыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына
бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен
молшылық әкелсін! Еліміз тыныш, туған
жеріміз аман болып, әрбір жаңа күн әр от-
басына шат көңіл, бақыт және береке сый-
ласын! Қайда жүрсек те ұлттық болмысы-
мызды сақтауға, ұлықтауға барымызды
салайық», – деді біздің Димаш.

Таныстырылымға келгендердің басым
көпшілігі Димаштың жанкүйерлері.

«Мен Димаштың өнеріне тәнті болған-
дардың бірімін. Оның жарнамалаған өнім-
деріне сенім артамын. Сол үшін балама
«OPPO Reno8 T Series» смартфонын сатып
алдым. Ұйымдастырушылардың ұйымдас-
тырған ойындарынан жеңімпаз атандық.
Қуанышымда шек жоқ. Мен үшін Димаш-
тың даусы жан-дүниеме ем болады. Оны
тыңдаған сайын, өзімді бақытты сезі-
немін», – деді Гүлмира Мұрат.

КОНЦЕРТ

Оқушылар сарайында
Наурыз мерекесіне орай
дарынды балаларға арналған
Абай атындағы Қазақ
мемлекеттік академиялық опера
және балет театры жеке
орындаушыларының
қайырымдылық концерті өтті.
Концертке қаланың барлық
аудандарынан 550 дарынды бала
шақырылды. Олардың арасында
халықаралық, республикалық,
қалалық зияткерлік
олимпиадалардың, спорттық
жарыстар мен шығармашылық
байқаулардың жеңімпаздары
мен жүлдегерлері бар.



Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш іс-шараның басты мақсаты –
өскелең ұрпақты мәдени тұрғыда жан-жақ-
ты қалыптасуына, еліміздің өркендеуіне өз
үлесін қосар патриоттық рухта тәрбиелеу-
ге бағытталып отыр.

«Мұнда қаламыздың барлық ауданда-
рынан оқуда озат, өнерлі балалар жиналды.
Олардың білімі мен жетістіктері күн сайын
арта түсуіне тілектеспіз. Әсем әуен шалқы-
ған аталмыш концерт балаларға жақсы
әсер қалдырды деп ойлаймын», – деді Ал-
маты қаласы әкімінің орынбасары Әсем
Нүсіпова. Қаламыздың жас тұрғындары
халықаралық байқаулардың лауреаттары
Айдос Жабағин, Дархан Жолдыбаев, Фар-
хат Көбеев, Айяр Өтетілеудің орындаған
халық әндері мен танымал композиторлар-
дың әндерін тыңдады. Өнер иелері халқы-
мызға танымал шығармаларды орындады.

Олардың қатарында Абай Құнанбаев-
тың «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде
жарық ай», «Айттым сәлем, Қаламқас»,
Жаяу Мұсаның «Ақ сиса», халық әндері
«Бір бала», «Аққурай», Ш.Қалдаяқов,
Н.Тілендиев туындылары бар. Өнер ше-
берлері орындаған 17 шығарма көрермен-
дердің ыстық ықыласына бөленді.

Аталмыш концерт Алматы қаласы
әкімшілігі ұйымдастырған мәдени шар-
алардың бірі.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛДЫ

Абай атындағы МАОБТ солистері шаһарымыздың дарынды
балаларына арнап қайырымдылық концертін өткізді



ДҮЙСЕНБІ
27 НАУРЫЗ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
8.00 Төрлет, өз-Наурыз!
10.00 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб. «Путешествие к центру души»
17.15 Женский кино клуб
18.00 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Ораза қабыл болсын!
20.10 Телехикая. «Ұлы Селжүктер»
21.00 Телехикая. «Біздің әулет»
22.00 Мужской сериал
23.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын»
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.50 Шешімі бар
1.35 Өмір иірімі
2.15 Дала сазы
2.40 Алматы тұнған тарих
3.00 Алматинские истории
3.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Жат бауыр». Телехикая. (с субтитрами)
14.20 «Қызық екен...»
15.20 «Aqorda»
15.30 «Тіршілік»
16.00 «Айман&Шолпан» Телехикая. (с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ЖАТ БАУЫР». Телехикая. (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 ФУТБОЛ. EURO-2024. Іріктеу турнирі. ПОЛЬША – АЛБАНИЯ. Тікелей трансляция
2.45 AQPAPAT
3.20 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.30 Мультфильм. «Кунг-фу Кролик. Повелитель огня»
12.00 Телехикая. «Үкім»
14.00 Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Осечка»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»

18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар.
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Үкім»
21.45 Телехикая. «Құсайыновтар. Өмір жолы»
23.00 Тұсаукесер! «Ұйқым келмейді» Тікелей эфир!
00.00 Телесериал. «Выбор матери»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Өзіл студио
06.30 What's up?
07.00 «31 әзіл»
08.10 Т/сериал «Листопад» (повтор)
09.00 Мультсериал «Команда «Мстители»
10.00 Мультсериал «Маша и медведь»
11.10 Анимационный фильм «Angry Birds в кино-2» (повтор)
13.10 КИНО. Скотт Эдкинс в боевике «Неоспоримый 3» (повтор)
15.10 КИНО. Сирил Раффаэлли в боевике «13-й район»
17.00 Премьера! Шоу «Battle пар». Прямой эфир
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 КИНО. Джет Ли, Джейсон Стэйтем в боевике «Противостояние»
22.40 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы
23.40 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 What's up?
02.30 Өзіл студио
03.50 1001 Өзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 «ОТЧАЯННЫЙ ДОМОХОЗЯИН». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сергей Селин, Алексей Нилов, Александр Половцев, Андрей Федорцов, Михаил Тарабукин, Любовь Виролайнен в многосерийном фильме «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»
0.30 Премьера. «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКАТЬ». Многосерийный фильм
1.20 Ночной кинотеатр. «ХИРОМАНТ. ЛИНИИ СУДЕБ»
2.15 «НОВОСТИ»
2.25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.35 «KOREMIZ» бағдарламасы
3.20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.45 «П@УТИНА» бағдарламасы
До 4.30

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»

06.30 Т/х «Няня map»
07.00 Т/х «Тақиясыз періште»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Х/с «Кукольный домик»
12.50 Скетчком «Q-ели»
13.30 Т/х «Тақиясыз періште»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
16.30 Т/с «Девушки с Макаровым»
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Т/с «Испытание» Премьера!
20.00 Т/с «Медиатор»
21.00 Т/х «Алғашқы махаббат»
21.30 Телехикая
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.30 Т/х «Няня map»
00.00 Келесі кім?
00.30 Т/с «Девушки с Макаровым»
01.00 Jaidarman
02.00 Т/п «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

21.00 «АВАРИЯ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
01.10 «ПЕС-5», остросюжетный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.00 «МҰҢДЫ ЖҮРЕК», көркем фильм (өзбек худ.фильм) (қайталау)
03.35-
04.20 «OZAT OTBACЫ», ток-шоу (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 06.45 Ұнұран
06.50 ТЕННИС. ITF W60
08.55 «Шаршы алаңда бұрымдылар». Арнайы репортаж
09.15 ФУТБОЛ. Программа «Тур по туру». Прямой эфир
09.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Ерлер)
11.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. Плей-офф. (Ерлер)
«Есіл СК» – «Алтай». Тікелей эфир
13.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Каспий» – «Қайсар». Тікелей эфир
15.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Шахтер» – «Қайрат». Тікелей эфир
17.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ақсу» – «Мақтаарал». Тікелей эфир
20.00 ДЗЮДО. Grand Slam. Тікелей эфир
22.00 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
22.30 MMA. «ALASH PRIDE 80»
01.20 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
01.50 Ұнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Ұнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
7.40 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
7.50 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
8.15 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
8.40 Анимация. Отандық / «Күшік»
8.55 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
9.05 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама

- 9.30 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
10.00 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
10.05 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Бөпе»
10.45 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
10.55 «Құпия кітап» ситком.
11.20 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
11.30 «Горм сақшылары» Мультхикая.
11.55 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
12.10 Анимация. Отандық / «Ғарышкер бала Жігер»
12.25 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
12.35 «Аға болғым келеді» ситком.
12.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
13.15 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
13.30 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
13.55 Анимация. Отандық / «Күшік»
14.10 «Арктика қоғаушылары» толықметражды мультфильм
15.45 Анимация. Отандық / «Бөпе»
15.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
16.10 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
16.35 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
16.50 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
17.00 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
17.15 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
17.50 «Аға болғым келеді» ситком.
18.05 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
18.15 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
18.30 «Құпия кітап» ситком.
19.00 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
19.30 Анимация. Отандық / «Ғарышкер бала Жігер»
19.45 Анимация. Отандық / «Экосарбаздар»
19.55 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
20.25 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
20.45 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
21.15 «Дарын мен Айзере» ситком
21.35 «Горм сақшылары» Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.

- 22.15 «Арктика қоғаушылары» толықметражды мультфильм
23.45 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Ұнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

- 06.00 «Сарай жауһары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Сезон дождей» телесериал
12.20 «Қарлығаш ұя салғанда» телехикаясы
15.00 «АШЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
17.00 «Шаншар»
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Үміт үйі» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Жұлдызды жекпе-жек» жобасы
02.00 «Көру керек!» бағдарламасы



TALIM TV

- 07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Ұлттық спорт – Көкпар
08.40 Менің анам, менің әкем
09.00 Тәтті time
09.55 Сау болайық
10.10 «Жүйріктер» – мультфильм
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 25-сағат
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Өнер қырандары
16.00 «Үлкен үй-4» – телехикая
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.15 Әжемнің әңгімесі
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 Самари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Барынды бағала» – қысқа метражды фильм
21.00 Ұлт саулығы
21.15 «Үлкен үй-4» – телехикая
22.00 Абайдың жолы
22.30 Orkeni style
22.55 Views



«ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!». Мерекелік концерт. «ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 23.30-да.

ЖЕКСЕНБІ
2 СӘУІР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
8.00 Мультфильмы
9.30 Детский киноклуб
11.00 Жұлдызды такси
11.30 Любимое кино
13.30 Үздік әзілдер
15.00 Женский киноклуб
19.00 Концерт
20.00 Ораза қабыл болсын!
20.10 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
21.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.30 Обо всем без купюр
3.00 Алматинские истории
3.25 Алматинские каникулы
3.35 Алматы кеші
4.20 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күміс көмей»
7.35 «Зинһар»
8.20 «AQSAҮҮТ»
8.40 «Balapan» телеарнасы
ұсынады.
«Білім бәйгесі»
9.15 «Көңіл толқыны»
10.00 «Махаббат тұтқыны».
Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы.
Балалар»
13.40 Дисней ұсынады.
«Ойыншықтар
хикаясы 4». Мультфильм
(АҚШ, 2019 ж.)
15.00 «Төрлет, Наурыз!».
Мерекелік жоба
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 ТҰСАУКЕСЕР!
«ГАУНАРТАС».
Мәдени-танымдық
бағдарлама
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «Көңіл толқыны»
0.40 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама
1.30 «Aqsauyt»
1.50 «Ауылдастар»
2.20 «Күміс көмей»
3.00 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.15 Концерт.
«Жолдар, жолдар...»
Жұбаныш Жексенұлы
08.30 «Әке бақыты»
09.30 «Спорт time»
10.00 Мегахит.
«Американец»
12.00 Мультфильм.
«Славные пташки»
13.20 Мультсериал. «Десять
друзей кролика»
13.30 «Балақай»
14.15 Телехикая марафоны.
«Құсайыновтар.
Өмір жолы»
16.00 «Культурный контекст»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Маска»
19.30 Тұсаукесер!
«Маңдай тер»
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 Премьера!
«Киноман»
22.45 Мегахит.
«Осада»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo»
прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 КИНО.
«Өкініш 2»
11.40 Анимационный фильм
«Братец медвежонок»
(повтор)
13.30 Анимационный фильм
«Братец медвежонок 2»
(повтор)
15.00 КИНО.
Уилл Смит, Джейден
Смит в фантастическом
боевике «После нашей
эры» (повтор)
17.00 КИНО.
Мартин Фриман в
фэнтези «Хоббит.
Нежданное
путешествие»
20.30 КИНО.
Дуэйн Джонсон в
боевике
«Быстрее пули»
22.30 «Алдараспан»
01.00 Тамаша live
02.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
8.05 «П@УТИНА»
бағдарламасы
9.00 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.15 «ПРОУЮТ»
10.00 Кирилл Дыцевич,
Ольга Фадеева, Елена
Захарова в фильме
«КАЖДОМУ СВОЕ»
11.50 «ҚАЙМАК»
12.25 «АМЕТИСТОВАЯ
СЕРЕЖКА».
Многосерийный фильм
Елизавета Фалей,
Дарья Трегубова,
Александр Ведменский
в многосерийном
фильме «ПИСЬМО
ПО ОШИБКЕ»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ».
Прямой эфир
21.00 Ирина Ефремова,
Анастасия Бунина,
Ольга Сидорова в
фильме Оксаны Байрак
«40+, ИЛИ ГЕОМЕТРИЯ
ЧУВСТВ»
1.10 Премьера.
«ТРИ АККОРДА»
2.45 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.30 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
До 4.55

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Jaidarman
08.00 Т/х «Пәленшеевтер»
08.30 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Измайловский
парк»
11.40 Шоу «Маска»
15.00 «Қызықты weekend»
16.00 «Battle сөз»
Тұсаукесер!
16.30 Т/х «Бастық боламын»
18.30 Өмірімнің көктемі
21.00 Х/с «Отравленная
жизнь»
00.50 Т/п «Құтты қонақ»
01.20 Өмірімнің көктемі
03.20 Т/х «Япырай»
03.40 Т/п «Жеңіп көр»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ӘН МЕН ӘНШІ»
ән-шашу
08.00 «OZAT ОТБАСЫ»,
ток-шоу
09.00 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
10.40 «АВАРИЯ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
15.00 «МАХАББАТ АЗАБЫ»,
көркем фильм (өзбек
худ.фильм)
16.30 «ҚИЯНАТТЫҢ
ЗАРДАБЫ», көркем
фильм
(өзбек худ.фильм)
18.30 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»,
ән-шашу
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «ЭТО НЕ НАВСЕГДА»,
драма
23.50 «ПЕС-5»,
остросюжетный
детектив (повтор)
(худ.сериал)
01.50 «МАХАББАТ АЗАБЫ»,
көркем фильм (өзбек
худ.фильм) (қайталау)
03.10-
04.30 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. ITF W60
08.35 «Қазақ футболының
шоқжұлдызы».
Дінмұхаммед
Сүлейменов.
Деректі фильм
09.20 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
09.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. Плей-офф.
(Ерлер)
«Ұшқын-Көкшетау» –
«Жайық». Тікелей эфир
11.55 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
12.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. Плей-офф.
(Ерлер)
«Есіл СК» – «Алтай».
Тікелей эфир
14.25 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
14.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Жетісу» – «Тобыл».
Тікелей эфир
16.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Ақтөбе» – «Қызылжар».
Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Астана» – «Ордабасы».
Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. «Доп дода»
бағдарламасы.
Тікелей эфир
21.35 ММА. «ОСТАГОН 40»
02.10 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
02.40 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
7.40 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
7.50 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
8.15 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
8.40 Анимация.
Отандық /
«Күшік»

8.55 «Сиқырлы ас үй»
Мультхикая.
9.05 «Super отбасы»
отбасылық бағдарлама
9.30 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
10.00 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
10.05 «Қонжық Расмус»
Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
10.45 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
10.55 «Күпия кітап» ситком.
11.20 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
11.30 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
11.55 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
12.10 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
12.25 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
12.35 «Аға болғым келеді»
ситком.
12.50 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
13.15 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
13.30 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
13.55 Анимация. Отандық /
«Күшік»
14.10 «Робинзон Крузо»
толықметражды
мультфильм
15.45 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
15.55 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
16.10 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
16.35 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
16.50 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
17.00 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
17.15 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
17.50 «Аға болғым келеді»
ситком.
18.05 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
18.15 «Сиқырлы ас үй»
Мультхикая.
18.30 «Күпия кітап» ситком.
19.00 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
19.30 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
19.45 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
19.55 «Қонжық Расмус»
Мультхикая.
20.25 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
20.45 «Super отбасы»
отбасылық бағдарлама
21.15 «Дарын мен Айзере»
ситком
21.35 «Горм сақшылары»
Мультхикая.

22.00 «Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 «Робинзон Крузо»
толықметражды
мультфильм
23.45 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Сарай жауһары»
корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Сезон дождей»
телесериал
11.20 «Жұлдызды
жекпе-жек»
жобасы
13.20 «Алдараспан»
17.40 «Чужой ребенок»
Индийское кино
21.00 «Үміт үйі» түрік
телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
00.00 «АШЫ ШЫНДЫҚ»
тележоба
02.00 «Көру керек!»
бағдарламасы

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс.
Алтын қор
09.30 Саморазвитие с
Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала
демеңіз» –
Балалар уақыты
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 Қазақ спортының
классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Айтыс Strike
13.00 Заблудившийся –
худ.фильм
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Дос – Таласфильм
15.20 ТамашаLike
16.00 «Үлкен үй-4» –
телехикая
17.00 Сау болайық
17.20 Бір дубль
18.30 «Бабалар сөзі –
өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа
саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Пруст сауалнамасы
21.00 Ұлт саулығы
21.15 «Үлкен үй-4» –
телехикая
22.00 Ғиырты ғұмыр
22.30 Сырласайық
22.55 Views



● ЭЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ



Сұлулық, жылылық және мейірім



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Әлеуметтік медиада Алматы көшесін сыпырушы болып еңбек ететін, яғни тазалықшы әйелді бір бойжеткеннің сұлулық салонына ертіп апарып, сұлу етіп шығарған видеосы тарады.



Видеороликте бір қарапайым әйелді (есімі Шамшар екен) Абай даңғылының бойында көше сыпырып жүрген жерінен ролик авторы Сабина Мовлаева деген жылы, әдемі бойжеткеннің ертіп алып, қымбат көлігіне отырғызып алғанын байқайсыз. Сұлулық салонына кіріп, бейтаныс әйелдің шашын жөндегіп, бетін әрлеткізді. Одан соң екеуі қаладағы қымбат butikтердің біріне кіріп, жақсы киімдер таңдады. Роликте дүкеннен жарқырап шыққан әйелдің қуаныштан кеп қалған жасын да жасырмай, көзін бір шылап алған сәті бейнеленген. Одан соң екеуінің мейрамханаға кіріп, тамақтанғаны, даяшы жігіттің бір құшақ гүл әкеп сыйлағаны – бәрі-бәрі сондай әсерлі шыққан. Сабина қыз Шамшар апайымен коштасар сәтте мол етіп азық-түлік те әперіп жатты. Сосын құшағына қысты.

Бұл ролик әп-сәтте екі миллионнан астам қаралым жинап үлгерген. Және де сонша көлемде жылы лебіздер жазылған. Тіпті, бүгінде бір сәтте Tik-Tok жұлдызына айналып шыға келген Шамшарды іздеп, көмектескісі келетін мейірімді жандар Сабинаға хабарласып жатқан көрінеді.

Міне, әлемді сұлулық, жылылық, мейірім ұстап тұрғанына тағы бір көз жеткізгендейміз.

● ИИМ ХАБАРЛАЙДЫ

72 тонна прекурсор тәркіледі

Қалада трансұлттық қылмыстық топтың әрекеті тоқтатылды

8 тонна синтетикалық есірткі өндірісіне жол берілмеді. ИИМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті өндірістік ауқымда синтетикалық есірткі шығару үшін елге прекурсорлар жеткізуді жолға қойған Қазақстан мен шетел азаматтарынан құралған трансұлттық қылмыстық топтың қызметін тоқтатты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жедел уәкілдер зертханада синтетикалық препараттарды өндіру үшін қолданылатын прекурсорларды жеткізу арналарын анықтау бойынша арнайы операциялар жүргізді. Топтың әрбір мүшесінің рөлін және басқа адамдардың қатысуын анықтау үшін «арнайы жүк» бүкіл маршрут бойы бақылауда болды. Оған әуе арқылы барлау да қолданылды. Өткен жылдың қазан айында арнайы операцияның бастапқы кезеңінде, сондай-ақ наурыз айында прекурсорлардың контрабандасына қатысқан үш шетелдік азамат елден тыс жерлерде ұсталды.

Операцияның соңғы кезеңінде 21 наурыз күні Алматыда осы іс бойынша қалған фигуранттар – көршілес елдердің екі азаматы және қазақстандық құрықталды.

Олардан әртүрлі салмақта мефедрон, шетелдік полиция қызметкерінің жалған куәлігі, зип-пакеттер, электрондық таразылар, Калашников автоматының 7,62 мм калибрлі патрондары тәркіленді.

Қоймаларды тінту барысында ИИМ және Алматы қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері синтетикалық есірткілерді дайындау үшін қолданылатын прекурсорларды, сондай-ақ екі реакторды, яғни синтетикалық есірткілерді дайындауға арналған арнайы зертханалық жабдықты тәркіледі. Тәркіленген прекурсорлардың жалпы көлемі 72,7 тонна. Осылайша 8 тонна синтетикалық есірткі өндіруге жол берілмеді.

Бұл – 8 миллион бір реттік доза. Күдіктілерді ұстаудың алдында прокуратурамен келісілген арнайы жедел-іздістіру және техникалық іс-шаралар кешені жүргізілді. Қазіргі уақытта тергеу әрекеттері жүргізілуде.



● ТА ЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

«БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ»



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында «Болмаған балалық шақ» спектаклінің премьерасы өтті. Ақын Ақберен Елгезектің XXI ғасырдың үздік прозалары қатарына енген туындысы балалар мен жасөспірімдер театрының репертуарын толықтырды.

Автордың балалық шағына сапар шектіретін шығарма өмірде болған оқиға желісімен жазылған. Жұмыр басты пенденің ең бақытты шағы – балалық кезең екені даусыз. Ал болмаған балалық шақтың қандай болатынын көп адам түсініп, түйсіне бермейді. «Жалғызсырағанның көкесін көрген екі бала болса, оның бірі – менмін. Жалғыз болса, тағы менмін», – деп басталады қойылым. Қойылымды қарап отырып, автордың шынайылығы мен жазу шеберлігін мойындау керек. Қарап отырып жылайсың, жылап отырып, күлесің. Сапалы әрі сауатты қойылған. Оқырманның жүрегіне жедел жол табуының мәні де автордың сезінген сезімдерімен жазылғанын байқаймыз.

Спектакль барысында режиссер Фархад Молдағалидың шеберлігіне тағы бір тәнті болдық. Әрбір спектакльге үлкен махаббатпен, асқан дайындықпен келетін режиссердің осы бір кезекті қойылымы сәтті шықты деуге толықтай негіз бар. Фархад қойылым дүниеге келместен бұрын автор мен шығармашылық ұжым арасында кездесу жасады. Спектакль авторы Ақберен Елгезек кітапта жазылмаған жолдарды, сезілмеген сезімдер мен айтылмаған сәттермен бөлісті. Болашақ



кейіпкеріне өзек, сахнада өмір сүруіне негіз іздеген әрбір актер сомдайтын кейіпкеріне қатысты сұрақтарына жауап алды. Жазушы қаламынан туған әрбір кейіпкермен жеке тілдесіп, дайындығы жүріп жатқан қойылымның бел ортасында болды. Бұл режиссердің жұмысына деген адалдығы мен жауапкершілігін көрсетеді.

Спектакльдің алғашқы күні адам қарасы көп болды. Әрбір премьерә аншлаппен өтетін театрға бұл таңсық емес. Дегенмен, бұл жолғы атмосфера ерекше болды. Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының фойесінде жазушының кітаптары мен түрлі ашық хаттардан тұратын кішігірім жәрмеңке ұйымдастырылды. Көрерменге автормен кездесіп, жүрекжарды тілегін жаздырып, автограф алуға мүмкіндік туды. Қойылым көркем қойылуымен, бала көңілдей таза болуымен ерекше-



ленді. Спектакль аяқталған соң әрбір көрермен санасына түрлі сұрақтарды арқалап, сан сезіммен қайтты.

«Қазір біздің елде ғана емес, жер шарында жетімдік зарының үні өшер емес. Ананың мейірімін көрмей, әрбір жанарға жәуаптеп жүрген жетімдердің бал балалығын былай қойғанда, шексіз махаббатқа бөленбеуі үлкен трагедия», – дейді режиссер Ф.Молдағали. Аталмыш қойылым жетім баланың да көңілі бар екеніне, өзге балалардан ерек болатынына, қу жетімнен де ер жеткенде ер жігіт шығатынына үндейді. Көлеңкелі тұстары көп өмірден кейін де күн шуағы сәулесінің анық түсетініне бізді сендіреді. Түрлі сезімді сезіндірген өнер ошағына, асқан шеберлікпен өнер көрсеткен шығармашылық ұжымға тек сәттілік тілейміз! Қазақ театрына болашағы берік, ғұмыры ұзақ тағы бір спектакль келді деп айтуға толықтай негіз бар.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЕРГЕЖЕЙЛІ
БАЛАЛАРЕлімізде алғаш рет ахондроплазия дертін
процедуралық емдеу басталды

Мегаполисте орналасқан «Ақсай» клиникасы базасында ел тарихында алғаш рет ахондроплазияны, яғни бала кезден ергежейлілікке әкелетін даму кемістігін процедуралық емдеу жүргізілуде. Ахондроплазия – тұқым қуалайтын кесел, жаңа туған 22 мыңға жуық нәрестенің біреуінде кездеседі.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Әлемде мұндай балалардың саны 250 мыңнан асып жығылады. Ал Қазақстанда метафиздік дисплазияның әртүрлі формалары сүйек құрылымындағы бұзылулары бар 200-ден астам бала бар. Олардың ішінде ахондроплазиямен ауыратын 40 науқас тіркелген. Бұған дейін 17 балаға өзімізде және таяу шет елдерде аяқтарының жоғарғы және төменгі бөліктерін ұзарту операциялары жасалған.

Ахондроплазия ауруы FGFR3 генінің мутациясымен байланысты ұзын түтікшелі сүйектердің өсу қабілетін жоғалтуға әкеліп соқтырады. Нәтижесінде ересек жастағы әйелдерде өсу 125 сантиметрден, ал еркектерде 130 сантиметрден аспауы мүмкін. Иық және жамбас сүйектерінің жетілмеуіне байланысты олардың қол-аяқтары қысқа болады. Сүйектердің өзі де қысқы және бұдырлы болып, одан әрі де деформацияға ұшырайды. Сұқ саусақ пен ортаңғы саусақтар бір-біріне жақын орналасқан. Аяқтары да қисайып, X немесе O пішінді болып келеді. Сонымен қатар, шынтак пен тізе

буындарының қозғалысында шектеулер болады.

Ергежейлі баланың жақ сүйегі шығыңқы, тістерінің құрылымы нашар, есту қабілеті де төмен болып келеді. Жалпы алғанда, физикалық дамуында едәуір кемшілік байқалады. Бұлар ахондроплазияға әкеліп соқтыратын дене ақауларының бір бөлігі. Ергежейлі балаларды стандартты емдеу әдістері симпатоматикалық болып табылады, яғни өсу гормоны (соматотропин) қолданылады. Ол кем дегенде өмірінің алғашқы жылында сүйектің өсу қарқынын аздап арттырады. Бұл гормон ұзақ уақыт аралығында инъекция түрінде ұйықтар алдында гормонның физиологиялық секрециясын имитациялау үшін енгізіледі.

«Ақсай» клиникасы базасында биылғы 10 наурыздан бастап осындай кеселге шалдыққан балалар восоритид (Voxzogo, Voxzogo) деген жаңа препарат (инъекция) қабылдай бастады. Аталған клиника Қазақстан бойынша осындай күрделі ем жүргізетін алғашқы және әзірге жалғыз орталық болып отыр.

Бұл препарат ахондроплазияны емдеуге арнайы әзірленген. Оның тиімділігі препараттың сүйек өсу қарқынын 95 пайызға арттырғанын дәлелдеген клини-

калық зерттеулермен расталған. Бойдың максималды өсуі 3,5 жылда 9 сантиметрге жеткен. Бұл дәрі АҚШ-та 2021 жылдың қарашасында, ал Еуропалық одақта сол жылдың тамызында мақұлданған.

Емдеу курсы бір науқасқа жылына шамамен 200 000 еуроны құрайды. Біздің «Қазақстан халқына» қоры осы мақсатқа 907 млн теңгеден астам қаражат бөлді (шамамен 2 млн доллар). Тоғыз бала алғашқы инъекцияны 10 наурыздан бастап алды, тағы бір бала инъекцияны сәл кейінірек ала бастайды. Кішкентай науқастар – 2011 және 2017 жылы туған 4 қыз және 6 ұл. Олар Алматыға Шымкент, Астана, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Жетісу және Атырау облыстарынан келген.

Айтпақшы, бүгінде үлкен сұранысқа ие болып жатқан бұл препарат ересек ергежейлі жандарға қолданылмайды. Себебі, бұл дәрі балаларға арналған.

Осы орайда айта кетсек, былтырдан бері «Қазақстан халқына» қоры өмірге қауіп төндіретін ауыр және созылмалы аурулары бар 236 науқасты 16,1 млрд теңгеден астам сомаға дәрілік заттармен қамтамасыз еткен. Олардың 230-ы сирек кездесетін кеселге шалдыққан науқастар.

Бес немересі бар

Зельда Рубинштейн деген ергежейлі әйел АҚШ-та 76 жыл өмір сүрген. Оның аты тарихта мінезді актриса және қоғам белсендісі ретінде қалған. Танымал бірнеше фильмге, оның ішінде комедияға да, триллерге де, драмаға да түсіп, басты рөлдерде ойнаған.



Сондай-ақ, қоғамның ергежейлі адамдарға мүгедек ретінде қарағанына шыдамай, өздерінің құқығын, жалпы адам құқығын жиі қорғап шығатын.

Ол поляк иммигрантының отбасында дүниеге келген. Үш баланың ең кішісі. Отбасындағы бәрі қалыпты да, ол ғана ергежейлі болып туған. Бала күнінде өзін өзгелерден қор санап өскен. Өзі құралпылас балалардың мазағына төзген. Бойжетіп, ақыл тоқтатқан кезде ғана өзін-өзі қабылдай бастаған. Сөйтіп, Питтсбург университетіне түсіп, бактериолог мамандығын алып шығады. Одан соң Калифорния университетінде оқуын жалғастырып, лаборант болып еңбек еткен.

45 жасында үлкен экранға шығуды, киноға түсуді армандайды. Оған да жол ашылады. Калифорния университетінің актерлік шеберлік факультетін оқып бітіріп, өмірінің соңына дейін 50-ден астам фильмде қолтаңбасы қалған.

Ол отбасын құрып, қыз сүйген. Бүгінде 5 немересі бар деседі.

Бойы 81 см



Американдық актер, стендап-комик, каскадер Верн Тройердің бойы небәрі 81 см болған. АҚШ-та туған. Ол әлемге «Мини мен» рөлімен, яғни «Остин Пауэрс» және «Гарри Поттер және философиялық тас» фильмімен танылған жұлдыз.

Әкесі техникаларды жөндеу шебері, ал анасы фабрикада қарапайым жұмысшы болған.

Кинодағы карьерасын 1994 жылы «Младенец на прогулке» атты картинадан бастап, онда 9 жасар баланың дублері болады. 1999 жылға дейін көбіне каскадер ретінде немесе эпизодтық рөлдерде бой көрсеткен. Оның бағын әлемге әйгілі «Остин Пауэрс: шпион, который меня соблазнил» картинасы жакты.

Тройер 2004 жылы Женеьев Галлен атты модельге занды түрде үйленіп, бірақ келесі күні, неге екені белгісіз, ажырасып кетеді. Ол 54 жасында көз жұмған. Осынау кішкентай адамды таныстары «өзі кішкентай болса да, жүрегі үлкен, айналасын үнемі күлкіге көміп жүретін еді» деп еске алған.

Қуыршақ қыз

Tik-Tok әлеуметтік желісінде аса танымал Джоти Амджи деген ергежейлі бойжеткен бар. Оны бәрі тірі қуыршақ деп жатады. Қазір 29 жаста. Үндістанның Нагпур қаласында тұрады.



Амджидің бойы 18 жасында 62,8 см, ал салмағы 5,2 кг болған. Бұл екі жастағы баланың бойымен барабар. Гиннестің рекордтар кітабына жер бетіндегі бойы ең қысқа әйел ретінде осы жасында енген.

Амджи «Body Shock: Two Foot High Teen» (2009) деген деректі фильмде бой көрсетеді. Одан соң «Bigg Boss 6» деген үнді реалити-шоуына қатысады. Ал 2014 жылы белгілі «Ma Petite» кинокартинасына түсіп, танымалдылығы артады.

Үнемі күліп жүретін шынашақтай сүйкімді қызды әлеуметтік медиадан табу оңай. Шашы белінен түседі. Ол кәдімгі қыздар сияқты әдемі киінгенді, боянып, сыланғанды жақсы көреді. Кейбір көйлектерін өзі тігіп киетін көрінеді. Тіпті, сакина-сырғаларын да қолдан жасап алады деседі.

Ол өзіне арнайы жасалған кереуетте ұйықтайды. Және үйіндегі тұрмыстық заттардың бәрі оның бойына шақталып жасалған. Әпкелерімен табиғат аясына шыққанда велосипедтің артындағы себетке де сыйып кете береді.

Ол жергілікті телеарналардың жұлдызы. Оның өмірі, тыныс-тіршілігі туралы әйгілі «National Geographic» бір сағаттық деректі фильм де түсірген.

Қуыршақ қыз модель болуды, актриса болуды армандайды. Бұл армандарына бір табан жақындап келеді.

Дайындаған Нұр ЖАМАЛ.

МАМАН ПІКІРІ

«Қазақстан халқы» қорына рахмет!

Исамдун ХАРАМОВ,

«Ақсай» клиникасының дәрігері:

– Балаларға алғашқы инъекциялар жасалды. Жылына барлығы 36 қорғау препарат қажет. 10 инъекцияны балалар «Ақсай» клиникасында, қалғандарын тұрғылықты жері бойынша емханада алады. Дәрі-дәрмек өндіруші компанияның өкілдері біздің клиникада дәрігерлер үшін тренинг өткізді.

Сонымен қатар, балалардың тұрғылықты жеріндегі дәрігерлер де арнайы оқудан өтті. Ем қабылдайтын балаларды іріктеу барысында медициналық консилиум өткізілді, үміткерлер «Қазақстан халқына» қоры және Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі өкілдерімен талқыланды. Іріктелген барлық баланың түтікшелі сүйектері өсіп жатыр (яғни өсу аймағы жабық емес).

Демек, балалардың бойын өсіруге мүмкіндік бар. Орта есеппен, 1 жыл ішінде ахондроплазиямен ауыратын балалар ауыр ота жасатпай 1,6 сантиметрге бойын өсіре алады. Науқастарға ем жасау балалардың өсуі тоқтағанға дейін, яғни түтікшелі сүйектердің өсу аймағы жабылғанға дейін жалғасады, мұны ортопед анықтайды. Нәтижесін ортопед-дәрігерлер қадағалайды.



АУДИТ

**ҚР Қорғаныс министрлігіндегі
ведомстволық бағынысты
ұйымдарының аудиторлық
іс-шараларының қорытындылары**

2021 жылға арналған Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бойынша, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің 19.11.2021 жылғы №КВГА-02-КВ/4651 тапсырмалары бойынша Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 20 аудит объектісінде 047 «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша әскери мұқтаждықтарға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану мәселесі бойынша аудиторлық іс-шара өткізілді, онда мыналар белгіленген:

Мемлекеттік сәйкестік аудитімен 20 аудит объектісі қамтылды, қамту сомасы 80 923 933,4 мың теңге, оның ішінде 1 012 342,5 мың теңге сомасына қаржылық бұзушылықтар белгіленді, оның ішінде бюджет кірісіне өтелуге жататын – 4 648,3 мың теңге, қалпына келтіруге – 1 007 179,3 мың теңге, сондай-ақ рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар – 4 247 194,7 мың теңге.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Алматы қаласы бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдары активтердің жетіспеушілігі, ТМҚ 16,2 мың теңге, міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы – 236,8 мың теңге, жалақы, тұрғын үй төлемдері, Коммуналдық және басқа да төлемдер бойынша бұзушылықтар – 9 490,5 мың теңге, бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде бұзушылықтар (негізсіз) ретінде қаржылық бұзушылықтарға жол берді есептен шығару, амортизацияны есептемеу және т.б.) – 38 788,3 мың теңге, өзге де қаржылық бұзушылықтар – 963 811,7 мың теңге.

Мәселен, мысалы, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 272-бабы, «Шарттардың» 2-тармағы бұзылған, РММ «64615 әскери бөліміне», РММ «73652 әскери бөліміне» 962 413,2 мың теңге сомасына орталықтандырылған түрде сатып алынған тауарлар жеткізілмеген (3 бірлік санындағы жылжымалы дезинфекциялық-душ кешені, 2 бірлік санитариялық-бактериологиялық жылжымалы зертхана кешені, паркогараж жабдығы, КИ-126 шиналары, ПКИ-24А металл қаңқалы тентомобиль құрылғысының 2 жиынтығы).

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша аудит объектілері анықталған бұзушылықтарды жою бойынша барлық қажетті әкімшілік, басқарушылық шараларды қабылдады: бюджет кірісіне өтеу, тауарларды жеткізу арқылы қалпына келтіру, объектінің жауапты лауазымды тұлғаларына тәртіптік жаза қолдану.

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ.**

6-СЫНЫПТЫ БІТІРУШІ ЕР БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
2023-2024 оқу жылына Алматы қаласы Мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатына оқушыларды қабылдау басталды.
Құжаттар bilemthan.kz сайты арқылы онлайн түрде 15 сәуірге дейін қабылданады.
Толық мәліметті +7 706 676 06 30 WhatsApp нөмірі арқылы ала аласыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге //
6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге //
6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге //
6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

**Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

**Әдеп кодексі – мемлекеттік
қызметшілердің ең басты міндеті**

Әдеп кодексінің басты мақсаты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, дәлірек айтқанда, мемлекеттік қызметке нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды алдын алуға арналған іс-қимылдарды жасау, мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін сақтаудағы жауаптылық деңгейін көтеруді үйлестіруге байланысты іс-шараларды қабылдау және мемлекеттік органдардың әдеп жөніндегі комиссияларымен өзара іс-қимыл бойынша ұсынымдарды және ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Мемлекеттік қызметкер – бұл мемлекетіміздің бейнесі және айнасы. Соған байланысты мемлекеттік қызметкер мемлекеттің өсуі мен өркендеуі оның еңбегінің нәтижесі екенін ұмытпауы тиіс. Мемлекеттік қызметкер деген биік дәрежеге жету және сол дәрежеге кір келтірмей ұстап өту – әр азаматтың басты міндеті. Тек бірігіп еңбек ету арқылы ғана және мемлекеттік қызметкерлік этиканы орындаған кезде ғана біз осындай биік жетістіктерге және дәрежелерге жете аламыз.

Мемлекеттік қызметкерге негізгі қабылданған әдеп нормаларын сақтау басты мәселе, өйткені ол тікелей қоғаммен жұмыс жүргізеді және әртүрлі тұлғалармен үнемі байланыста болу арқылы қызметін атқарады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкердің сыртқы бейнесі, киім үлгісі, іс әрекеті, сөйлеу мәнері, ой-пікірі, жеке қасиеттерінің барлығы да адамға нұқсан келтірмейтіндей қызмет ету керек. Осы аталғандардың барлығын сақтау үшін этикеттің принциптерін ұстану керек.

Мемлекеттік қызметші жан-жақты дамыған тұлға болуы тиіс, үнемі салауатты өмір салтын ұстануы және отбасы құндылықтарын насихаттауы қажет. Бұдан басқа, жұмыстан тыс уақытта бізге рухани баю қажет. Бұл ретте адамның ар-намысына тіл тигізу, заңнаманы бұзу, қоршаған адамдардың тәртібі мен қауіпсіздігіне қол сұғу сынды адамгершілікке жатпайтын қылықтарға жол бермеу керек. Жұмыстан тыс уақытта мемлекеттік қызметшіге беделін түсіретін және қоғам тарапынан сын мен айыптау тудыратын жағдаяттардан қашқақтау қажет.

**Бауыржан ТЫНЫСБЕКОВ,
Алматы қаласы Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру департаментінің
Әдеп жөніндегі уәкілі.**

Электрондық еңбек шарттары (ЕСЖТҚ)

2020 жылы 4 мамырында Қазақстан Республикасының еңбек мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР Еңбек Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 23-бабы 2 тармағының 27 тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, көзделген мәліметтер қамтылған, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндетті.

Осылайша қызметкерлермен жасалған еңбек шарттары туралы ақпаратты енгізу жұмыс берушінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді енгізу ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 03.09.2020 ж. №353 бұйрығымен бекітілген «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. Мәліметтерді енгізу «электрондық еңбек биржасы» порталында жүзеге асырылады (enbek.kz).

Жұмыс беруші мәліметтерді енгізу кезінде ҚР Кодекстің 23-бабы 2 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға міндетті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Алматы қаласы Еңбек инспекциясы басқармасы электрондық еңбек шарттары туралы мәліметтерді enbek.kz порталда уақтылы енгізуге шақырады.

**Әлия БЕКБАТЫРОВА,
мемлекеттік еңбек инспекторы.**

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**ЕГЕР:**

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



Бас директордың
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ЖЕҢІМПАЗДАР

«АҚШАМНЫҢ» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Рая
ЕСКЕНДІР

«Almaty aqshamy» газетінің оқырмандары тағы да зор қуанышқа кенелді. Сүйікті басылымдарына жазылып, түбіртегін редакцияға жолдаған оқырмандар арасында ұтыс ойыны ұйымдас-тырылып, жеңімпаздар белгілі болды. Оқырмандар қатарында «Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз» деп, басылымның әрбір санын қызыға па-рақтап, 35 жыл бірге келе жатқан оқыр-мандар да болды. Дегенмен, патша көңіл оқырманның басты мақсаты – ұтысқа қатысып, ұту емес, сүйікті басы-лыммен бірге болу.

Бүгінде газетіміздің тұрақты оқырманына айналған Сейітқали Мырзабеков Алматыға басқа өңірден қоныс аударған көрінеді.

– Алматыда тұратын әрбір тұрғын қаламыздың басты басылымына жазылуы тиіс. Осы қалаға көшіп келген күннен бастап, «Ақшамға» жазылған едім. Га-зет біздің отбасының бір мүшесіне айналып кеткелі қашан. Балаларыма да оқып беремін. Тарихи материал-дарды қиып алып, сақтап қоямын, – дейді тұрақты оқырман.

Бұл күні ұтыс ойынына қатысып, бағалы сыйлыққа қол жеткізген оқырмандардың көңіл-күйлері тіпті кө-теріңкі болды.

Тұрақты оқырманымыз Сейітқали Мырзабеков «Almaty aqshamy» газетінің жеңімпазы атанып, қысқа толқынды «MAQNA M 20 B7001- W» пешін, Еркін Түсіпханов «Frizzman FF-38» шөйнек-термосын, Ләйля Игілікова «Sobranie MJ-2819» блендерін ұтып алды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚАРАӨЗЕК» ШАҚ ҚАРАСЫН КӨРСЕТТІ

Наурыз айы соңғы аптасына аяқ басты. Жаңа туған ай жауыны, желі көп «Құс қанаты», «Аласапыран» амалдарының табалдырықтан аттағанын аңғартқандай шалқалап жатыр

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ


Әне-міне дегенше, наурыз айының соңғы аптасы келіп жетті. «Самарқанның көк тасы» жібигін күн (22 наурыз) өтті. Ұлыстың Ұлы күні елімізде бұрын-соңды болмаған жаңа-лық-ерекшеліктерімен аталып өтті. Наурыз мерекесі мұсылманның қасиетті Рамазан айына ұласып, нұр үстіне нұр әкелді.

Күн мен түн теңескесін, күн жылып, жер жібіп, шуақты мезгіл басталуы табиғат заң-дылығы. Бірақ шуақты шақтар әлі тұрақта-май тұр.

Өткен пайымымызда: «...күні кеше ер-теңгілік жерге қырау түсті. Бұрынғының шалдары наурыздың ортасында бір күндік «бесқонақ» болады деуші еді, соның әсері ме екен, неде болса, бұл көріністер сақтық ша-расына шақырып тұрғандай...» деп жазған едік. Сол жорамалымыз бекер болмаған секілді. Соңғы 5-6 күннің бедерінде таңер-теңгілік пен кешкі уақытта денені тоңдырған салқын леп толастамай тұр. Жаңа туған айды көрдік. Жауыны мен жел-дауылы көп «Құс қанаты», «Аласапыран» амалдарының табал-дырықтан аттағанын аңғартқандай шалқалап жатыр...

Соңғы «тұяқ серпер» аптада амал да аз емес. Солардың бірі – «Құс қанаты» амалы. Наурыз айының соңғы күндерінде жыл құс-тары ұшып келе бастайды. Олардың келуі-мен қар аралас жаңбыр жауып, суық жел тұ-рады. Мұны ел «Құс қанаты» деп атаған.

Наурыз айының соңында, кейде сәуірдің басқы кезінде қар күрт еріп, жер лайсаң бо-лып, шаруашылыққа қиын күндер туады.



Осындай жайсыз да қолайсыз мерзім өз бол-мысына қарай, «Аласапыран» деп аталған.

Қазір сиырға «ораза» ұстатқан «Әбдікей» амалы аяқталып келеді. Қалың қардың шеті сөгіліп, еріп, сай-сала суға толып жатыр. Жер асты тоңы жібі бастайды. «Қардан аққан суға торғай шомылатындай болса, жаз ерте шығады деп, қардан аққан су мардымсыз болса, жаз жәй шығады деп» көнекөз қария-лардың жорамал жасайтыны осы кез.

Наурызда өтіп болмайтын ұзақ күндер – «ұзынсары» келіп, қонторғайлау қараөзек

шақ туады. Наурызда атан түйені жығар, көктемнің қар ерітер «алтын күрек» өкпек желі, қарасуығы бар.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, айдың – 25-і. Ай жүйесі бойынша, 3-і. Ал қазақы есепке сүйенсек, наурыз айының –12-сі. Жоғарыда біз айтқан амалдардың әзір ықпалы байқалмайды. Аспан ашық, күн шуақты. Дегенмен, бұған қарап көктем шы-ғып кетті деуге ертерек. Әлі алда талай жауынды да дауылды кездер бар екені шүбәсіз...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ТАБИҒАТ ПЕН ҚҰС
ҚИМЫЛДАРЫНА ҚАРАП
ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- Күннің ерте күркіреуі мол жауынның белгісі.
- Ай қораланса, бұршақ немесе жаңбыр жауады.
- Қоқиғаз ескі ұясына жұмыртқаласа, құрғақ-шылық, ұясын жөндеп, жаңаласа, жаңбырлы болады.
- Алғашқы жаңбырда күн күркіресе, шөп қалың өседі.
- Ұзақ қарға алдымен келсе, көктем тез шығады, сарыала қаз ерте келсе, көктем созылады.
- Наурыз мерекесі күні қар жауса, жылдың жақсылы-ғы көп болады.